

Бас редакторы:
А. Сәдібекұлы

Жауапты хатшы
К. Әбілсейітқызы

Техникалық редактор
Р. Мұратқызы

Редакция мекен –жайы:
Шымкент қаласы
Төле би 21 А

Редакция телефоны
+7 777 542 6070

Эл.почта
ustazenbergi@mail.ru

Шығу жиілігі:
Кемінде айына
4 рет

Таралымы
500 дана

Журнал
«USTAZ ENBEGI»
редакциясында
басылды

ustazenbergi.kz



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК «USTAZ ENBEGI» ЖУРНАЛЫ
Қазан - Октябрь 2025ж №10 (107 - журнал)

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ АҚПАРАТ КОМИТЕТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы
КУӘЛІК

№ KZ47VPY00115486 Берілген күні: 27.03.2025 ж.

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ " КОМИТЕТ ИНФОРМАЦИИ
МИНИСТЕРСТВА КУЛЬТУРЫ И ИНФОРМАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

О переучете периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания
СВИДЕТЕЛЬСТВО

№ KZ47VPY00115486 дата выдачи: 27.03.2025 Г.

Қазақстан Республикасы ұстаздарының ашық сабақтар, мақалалар,
сценарийлер, баяндамалар жиынтығы
Сборник открытых уроков, статей, сценариев, докладов учителей РК

Атауы: «USTAZ ENBEGI» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы
Название: Республиканский научно-методический журнал «USTAZ ENBEGI»

Тілі: қазақ, орыс, ағылшын
Язык: казахский, русский, английский

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Территория распространения: Республика Казахстан
Негізгі тақырыптық бағыты: Білім саласына арналған ғылыми-әдістемелік журнал

Основное тематическое направление: Научно-методический журнал для образовательной сферы

Редакция авторлардың пікірімен келісе бермейді. Сөздік, басқада мәселелер бойынша авторлар өздері жауапты.

Мнение авторов и редакции может не совпадать. Ответственность за опубликованный материал несет сам автор.

1. Әділова Л. Ж - Дарынды оқушыларға қазақ әдебиеті пәнін оқытудың жолдары.....	3
2. Ильясова А. С - «Математика — ой мен логиканың тілі».....	4
3. Нарбаева А. А - Ұстазым ұлағатым , үлгі өнегем!.....	6
4. Әбеу Н - Химияны мобильді қосымшалар арқылы оқытуда оқушының сыни ойлау және зерттеушілік қабілетін дамыту.....	9
5. Орманбек Э, Шәріпжанова А. Қ - «Келісу, келіспеу» эссесі: оқушы пікірін қалыптастырудың тиімді жолы.....	12
6. Нургалиев Е. С - Формы и методы организации самостоятельной работы студентов.....	17
7. Ергалиева Ж. А - Қоғамдағы ұстаз мәртебесі	20
8. Мырзатаева Н. Н - 2-сынып оқушыларының математика пәні бойынша білімін бекітуге арналған авторлық тапсырмалар жиынтығы.....	22
9. Сапар А. А - 2-сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамытудағы математиканың рөлі.....	25
10. Баубекова А. Т - Қызықты ағылшын тілі: Әндер, ойындар мен ертегілер арқылы тіл үйрену.....	28
11. Ахметжан М. М - Тарихи деректермен жұмыс істеудің әдістемелік негіздері.....	30
12. Алтаева А. Д - «XXI ғасырдың жас математигі» атты интеллектуалдық ойын.....	33
13. Габдуллина А. Б - Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер.....	38
14. Халмуратова Ж. А - Тіл дамытуда ойын элементтерін қолданудың педагогикалық маңызы.....	40
15. Ташқараева А. Б - Педагогикалық шығармашылық пен жасанды интеллекттің үйлесімі – заманауи тәрбиеші бейнесі.....	42
16. Жумагельдиева К. Ж - Foreign languages in my life.....	44
17. Әбіш А. Қ - Дене шынықтыру сабағында қауіпсіздікті бақылау.....	47
18. Калилаев А. Ж - Ұлттық бірыңғай тестілеудің маңызы.....	51
19. Жетекова А - Weather conditions.....	52
20. Нупирова Г. Б - Решение задач по математической грамотности.....	54
21. Тұрсынбай Д. Б - Қазақстандағы қуғын-сүргін және жер аудару.....	57

Дарынды оқушыларға қазақ әдебиеті пәнін оқытудың жолдары

Ертеңгі Жарқын болашақты қалыптастыратын, Ұлы көш, бүгінгі жас жеткіншектерді жан-жақты дамытып, саналы ұрпақ тәрбиелеу ісі қай қоғамның болмасын өзекті мәселелерінің бірі саналған. Ертеңгі күннің жастарын даярлау дамыған елдермен тереземізді тең етіп, иық тіресіп тұратын дәрежеге жеткізер алғашқы баспалдақ болмақ. Мұндай жауапкершілігі зор салмақ білім саласында әрдайым елеулі өзгерістер енгізіп тұруды талап етері анық. Осындай аса мұқияттылықты қажет ететін істердің бірі - балалардың дарындылығын дамыту.

Дарынды баланың қабілетін шыңдап, оны дамытуға жағдай жасауда жалпы білім беру мекемелерінің алар орны орасан. Бұл бағытта мемлекет тарапынан жас талаптыларды қолдау бағдарламасы және президенттің «Дарынды балаларға арналған мектептерді қолдау мен дамыту» қаулысы, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы жасаған концепция жұмыс жасауда. “Бұлақ көрсең көзін аш” деп дана халқымыз айтпақшы жас дарындарды анықтап, олардың потенциалын дамытып, ғылым саласында шығармашылыққа даярлау білім беру мекемелерінің басты міндеті. Ал сол дарынды балаларды қалай оқыту керек?

Бұл сұрақтарға жауап беру үшін

ең әуелі нені ескеру керектігін біліп алғанымыз жөн.

Балалардың пәнге қызығушылығын анықтау, тапсырманы деңгейлеп беру, баланың мінез-құлық ерекшелігін білу. (Нені ұнатады, нені ұнатпайды, қай кезде білімді жақсы меңгереді, қай кезде шаршайды? т.б), берілген тапсырманы бірлесе талдау, орынды кеңес бере білудің маңызы зор.

Дарындылықты анықтау мұғалім бойындағы шеберлікті қажет етеді. Дарынды оқушылармен әрбір сабақ барысында тереңдетілген бағдарлама бойынша (жеке, жұптық, топтық) оқыту;

Қосымша сабақтар өткізу;

Үнемі зерттеу жұмыстарына бағыттап отыру;

Пәндік олимпиадаларға, конкурс-сайыстарға, ғылыми-практикалық конференцияларға қатыстыру;

Шығармашылыққа бейім оқушылардың жұмыстарын басылым беттеріне шығарып отыру;

Қорыта айтқанда жас таланттың бойындағы ерекше дарынды көре білу, оны дамыта алу күрделі де қызықты іс. Еліміздің ертеңгі жарқын болашағы бүгінгі ұрпақтың сапалы білім алып, саналы тәрбиеленуінде. Дарынды оқушыларды мектеп табалдырығында жүргеннен-ақ анықтап, қабілеттерін шыңдап, қоғамға тың идея, жаңа көзқарас енгізуге бағыт-бағдар беріп жіберсек болашақта сол үмітіміз ақталмақ.

Маңғыстау облысы білім басқармасының
Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің
«№17 жалпы білім беретін мектеп» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі
Ильясова Аккенже Саулебаевна

«Математика — ой мен логиканың тілі»

Бүгінгі заманда математика тек сандар мен формулалар ғана емес, сонымен қатар ойлау мәдениеті мен логиканың негізі ретінде қарастырылады. Бастауыш мектепте оқушылардың математикалық білімін қалыптастыру — олардың ойлау қабілетін дамыту, логикалық және аналитикалық қабілеттерін жетілдіру жолындағы маңызды қадам. Осы мақалада математика пәнінің оқушылардың ойлау мен логикасын дамытудағы рөлі қарастырылады.

Математиканың ойлау және логикаға әсері

Математика — бұл жүйелі, дәл және нақты ғылым. Ол оқушыларға мәселелерді шешудің әртүрлі жолдарын үйретеді, жүйелі ойлауға және дәлелдемелер жасауға үйретеді. Мысалы, тапсырмаларды шешу барысында балалар себеп-салдар байланысын түсініп, дәлелдемелерді іздеп, қорытынды жасауға үйренеді.

Логикалық ойлау — бұл дұрыс қорытынды жасауға мүмкіндік беретін қабілет. Математика арқылы оқушылардың ойлау процесі жүйеленеді, олар шартты ойлауды, салыстыруды, классификациялауды меңгереді.

Математиканы оқытудағы әдістер мен тәсілдер:

Бастауыш сыныпта математика пәнін оқыту барысында мұғалімдерге мына әдістерді қолдануды ұсынамын:

- **Ойындар арқылы оқыту:** Логикалық ойындар мен тапсырмалар балалардың қызығушылығын арттырады және ойлау қабілетін дамытады.
- **Сұрақ-жауап әдісі:** Бұл әдіс оқушыларды өз ойын ашық айтуға және дәлелдемелер келтіруге үйретеді.
- **Жұптық және топтық жұмыс:** Балалар бірге жұмыс істеп, пікір алмасу арқылы ойларын жүйелеп, тыңдауға үйренеді.
- **Визуалды материалдар қолдану:** Сызбалар, суреттер мен схемалар арқылы балалар ақпаратты жеңіл меңгереді.

Математикалық тапсырмалардың түрлері және олардың оқушылардың логикасын дамытудағы маңызы Есептердің, логикалық тапсырмалардың, ребустар мен жұмбақтардың балалардың ойлау қабілетін қалай жетілдіретіні туралы жазуға болады. Мысалы:

- Логикалық есептер (түрлі критерийлер бойынша сұрыптау, сәйкестендіру)
- Көп қадамды есептер (қорытынды жасау қабілетін дамыту)
- Сөзжұмбақтар және ребустар (белсенді ойлауды ынталандыру)

Математика пәнін оқытуда ата-аналармен өзара әрекеттесуің негізі маңызы.

Оқушылардың ата-аналарын математикаға қызықтыру және балалардың үйде оқытудағы қолдауы жайлы ұсыныстар беру маңызды. Ата-аналарға ойын түрінде тапсырмалар беру, үйде қарапайым математикалық талқылаулар жасау сияқты кеңестер енгізуге болатындығы түсіндірудің маңызы зор.

Технологияны пайдалану арқылы математикалық ойлауды дамыту

Қазіргі кезде интерактивті тақталар, арнайы қосымшалар мен онлайн ойындар оқушылардың математикалық ойлауын дамытуда жақсы көмекші құрал. Мұғалімдерге қандай технологияларды тиімді қолдану керектігі туралы ақпарат беру пайдалы болады. Математика — бұл тек сандар әлемі ғана емес, сонымен бірге оқушылардың ойлау және логикалық қабілеттерін дамыту құралы. Мұғалімдер математика сабақтарын тиімді ұйымдастыра отырып, балалардың шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыра алады. Сондықтан математика пәніне деген қызығушылықты арттыру, оны қызықты әрі түсінікті етіп жеткізу — бастауыш сынып мұғалімдерінің басты міндеті.



Түркістан облысы, Отырар ауданы
«С. Ерубәев атындағы шағын жинақты
жалпы білім беретін мектеп» КММ
«Көркем жазу» үйірме жетекшісі
Нарбаева Ақерке Абдураимқызы

Ұстазым ұлағатым, үлгі өнегем!

Мақсаты: Оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету. Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу.

Оқушылар ұстаздарды гүлдермен қарсы алады . 2 минут

1.Би: «Тауыс биі» 3 минут.

Сабақтың барысы:

Мұғалім сөзі .

Шәкірті үшін болатын шын көреген,
Ұстазсыз шабыттанып жыр келмеген.
Меркеңіз бүгінгі құтты болсын,

Ұстазым – ұлағатым, үлгі - өнегем!

Құрметті ұстаздар, қадірлі оқушылар!

Бүгін – жүректен шыққан жылы лебіз бен шынайы алғысқа толы ерекше күн.
Бүгін – шәкірт жүрегіне нұр құйып, бар ғұмырын бала тәрбиесіне арнаған **ұлағатты ұстаздар мерекесі!**

Әр адамға бағыт-бағдар беріп, арманға қанат қақтырған, өмір жолына нұр шашқан **ұстаздарымызға** арналған мерекелік шарамызға қош келдіңіздер!

Ұстаз – тек білім беруші ғана емес, ол – адам жанын түсінетін психолог, өмірдің сырын үйрететін тәрбиеші, шын ниетімен шәкіртін алға жетелейтін шыншыл жан.

Бүгінгі шарада сіздерге қуаныш пен шаттық сыйлау мақсатында **«Көркем жазу» үйірмесінің оқушылары** өз өнерлерін ұсынбақ.

Шын жүректен шыққан арнау өлеңдер, сырлы сөздер мен жүрекжарды лебіздер – бәрі де сіздер үшін!

2.Ұстаздарға арналған өлеңдер - 7 минут.

1-оқушы:

Ұстаздар! Қандай ғажап халықсыздар!
Шәкіртке шындай биік алыпсыздар.
Жан біткен жанарына нұр сыйлаған,
Күндей боп күлімдеген жарықсыздар.

2-оқушы:

Теңейміз біз оны кейде жұлдызға,
Үлгі тұтып келешек жас ұл-қызға.

USTAZ ENBEGI

Дүние жүзінің ана тілін жаттатқан –
Жан жете ме біздің апайымызға!

3-оқушы:

Ұстаз деген – жарық күні ғаламның,
Ұстаз деген – анасы ол адамның.
Бүкіл әлем мойындайды еңбегін,
Сен де одан адам болып жаралдың.

4-оқушы

Ұстаз деген – сырлас данам, арлы шың,
Шәкіртінен аямайтын бар күшін.
Бұл өмірде адам болып қалуың –
Ұлы адамға шексіз-шексіз алғысым!

5-оқушы:

Ұстазыңды түсінгін сен тереңнен,
Бар әлемге еңбегімен еленген.
Сенің бағың өрге қарай өрлесе –
Ол да бірге қуанышқа кенелген.

6-оқушы:

О, ұстаздар, басымды ием сіздерге,
Күллі әлемнің мұғалімдер күнінде.
Жүрегімнің лүпілінен шыққан сөз –
Сая тапсын ұлы ұстаздың жүрегінің түбінде.

7-оқушы:

Білімнің кәусәр бұлағын,
Жүресің құйып санаға.
Біз үшін сенсің – мұғалім,
Ұстаз да, ғалым, дана да!

8-оқушы:

Мұғалім деген – ерекше тұлға, дара шың,
Ұмытылмастай көңілде мәңгі қалатын.
Мұғалім деген – аяулы адам, асыл жан,
Шәкірт көңілінде күн болып жайнап жанатын.

9-оқушы:

Шәкірттерін азамат қып саналы,
Ұстаз – ана, дана бола алады.
Ең бастысы – ұстаз мына өмірде
Ұлағат боп, ұлылық боп қалады!

10-оқушы:

Ұлы ұстазым мәпелеп,
Білім бердің бойыма.

USTAZ ENBEGI

Ілтипатың қалпыңмен

Шуақ бердің ойыма.

3. Сұрақ-жауап - 2 мин.

– Балаларға сұрақтар:

– Ұстаз деген кім?

– Ұстаз не істейді?

– Сен өз ұстазыңды не үшін жақсы көресің?

- Балалар қазақтың тұңғыш ұстазын білесіңдер ме?

- Иә, ол — Ыбырай Алтынсарин!

Қазақ баласын алғаш рет мектепке жетелеген, «Кел, балалар, оқылық!» деп ұран тастаған ұлы тұлға. Бүгінгі тәрбие сағатымызда Ыбырай атамның сөзін тыңдайтын боламыз, сенесіздер ме?

4. Онда экранға назар аударайық — **Ыбырай Алтынсариннің өзі сіздерге тіл қатпақ! 1 минут.**

5. Вордфол жасанды интелектпен «Сәйкесін тап» ойны. 2 мин.

6. «Сырлы сұхбат» айдары – 8 мин.

Бүгінгі "Сырлы сұхбат" айдарында біз гүлге жасырылған сандар арқылы ұстаздарымызбен жылы сұхбат құрып, қызықты естеліктерін тыңдаймыз. Әр гүлдің артында – ерекше сұрақ бар. Ұстаздарымыз сол сұрақтарға жауап береді. Ендеше, сиқырлы гүлдер әлеміне саяхат жасайық!

7. Енді кезекті мерекелік ән орындау сәті келіп жетті. Хор: «Ұстазым» 3 мин.

8. «Ұстазым» деген сөздің өзі үлкен мағынаға толы, жүректі тербейтін сөз. 2 мин.

Олай болса, енді «Ұстаз» деген сөзге аздап талдау жасап көрейік.

Ұ- Ұлағатты жан

С-Сапалы білім беруші

Т-Тәрбиенің тірегі

А-Ақылдың шамшырағы

З-Зерделі ұрпақ қалыптастырушы

Осымен, «Ұстазым – ұлағатым, үлгі – өнегем!» атты бүгінгі тәрбие сағатымыз аяқталды.

Барша ұстаздарымызға мерекелеріңіз құтты, жүректеріңіз мейірімді болсын!

Qr код жасанды интелект арқылы оқушылардың құттықтауы таспаланған видеоны көреді.

Химияны мобильді қосымшалар арқылы оқытуда оқушының сыни ойлау және зерттеушілік қабілетін дамыту**Кіріспе**

Қазіргі білім беру жүйесі оқушыларды тек білім алушы ретінде емес, **ойлай білетін, зерттей алатын және дәлелді шешім қабылдайтын тұлға** ретінде тәрбиелеуді көздейді. Химия пәні осы мақсатқа жетудің тиімді құралы, өйткені ол табиғи құбылыстарды түсіндіруде логикалық ойлау, дәлелдеу және талдау қабілетін дамытады. Алайда дәстүрлі сабақтарда оқушылар жиі пассивті күйде қалып, теориялық ақпаратты механикалық түрде қабылдайды.

Осы мәселені шешудің заманауи жолдарының бірі — **мобильді оқыту технологияларын**, соның ішінде арнайы химияға арналған қосымшаларды пайдалану. Смартфон мен планшет бүгінгі оқушының табиғи оқу ортасына айналды. Осы бағыттағы зерттеулер (*Arumugam et al., 2020; Sobowale et al., 2024*) мобильді оқыту оқушылардың сыни ойлау, зерттеушілік және өзіндік бақылау қабілеттерін дамытатынын дәлелдейді.

Сыни ойлауды дамытуда мобильді оқытудың рөлі

Сыни ойлау — бұл ақпаратты талдап, дәлелдер келтіріп, қорытынды жасау қабілеті. Химия сабағында бұл қабілет көбіне «неліктен?» және «қалай?» деген сұрақтарға жауап іздеумен дамиды. Мобильді қосымшалар осы үдерісті күшейтеді, өйткені олар оқушыға бірден **интерактивті кері байланыс** береді.

Arumugam et al. (2020) зерттеуінде смартфонды пайдалану химиядағы күрделі ұғымдарды (мысалы, молекулалық геометрия, химиялық байланыс) визуалдауға мүмкіндік беріп, оқушылардың **логикалық пайымдау сапасын арттырғаны** көрсетілген. Оқушылар ақпаратты өз бетімен іздеп, гипотеза жасап, шешім қабылдауға үйренген.

Sobowale et al. (2024) зерттеуінде де мобильді ортада оқыған студенттердің нәтижесі 91,6 %-ға артқан. Авторлар мұны тек білім көлемінің артуымен емес, **сыни талдау мен дәлелді жауап құрастыру дағдысының қалыптасуымен** байланыстырған.

«Химия – қазақша тест» қосымшасы:

Қазақстандық «Химия – қазақша тест» мобильді қосымшасы — оқушылардың пәндік білімін тексерумен қатар, **ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған** алғашқы қазақ тіліндегі цифрлық құралдардың бірі.

Қосымшаның педагогикалық ерекшеліктері:

Проблемалық тапсырмалар: Тест сұрақтары тек анықтаманы қайталау емес, химиялық құбылыстар арасындағы себеп-салдар байланысын табуға бағытталған. Мысалы: «*Неліктен реакция жылдамдығы температура артқанда көбейеді?*» — оқушы тек ережені емес, молекулалық қозғалыс деңгейіндегі процесті түсіндіруі керек.
Кері байланыс жүйесі: Қате жауапқа түсіндірме беріледі, бұл сыни рефлексияны

USTAZ ENBEGI

дамытады. Оқушы «неге менің жауабым қате?» деген сұрақ арқылы өз ойлау процесін бағалайды.

Өзіндік зерттеу элементтері: Қосымшада оқушы реакциялар нәтижесін салыстырып, заңдылықтарды өз бетімен байқай алады. Бұл химиялық заңдарды түсінуді механикалық жаттаудан аналитикалық пайымдауға көшіреді.

Ойындандыру (gamification): Ұпай, деңгей, рейтинг жүйесі оқушының зейінін ұстап, ұзақ мерзімді мотивация қалыптастырады.

Мобильді химия оқыту мен зерттеушілік қабілеттің байланысы

Зерттеушілік дағды — оқушының проблеманы анықтап, болжам жасап, тәжірибе жүргізіп, нәтижесін қорытындылай білу қабілеті.

Химияда бұл — ғылыми әдісті (scientific method) қолдану.

Мобильді оқыту бұл қабілетті қалай дамытады?

Деректерді визуализациялау: смартфондағы симуляциялар арқылы оқушы химиялық процесті «көзбен көреді»;

Гипотеза құру: түрлі нәтижелерді салыстырып, өз болжамын тексереді;

Талдау және дәлел: тест нәтижесін немесе бейнематериалды талдап, қорытынды шығарады;

Рефлексия: өз жауабының дұрыстығын бағалайды.

Arumugam және әріптестері атап өткендей, смартфон қолдану оқушыны пассивті тыңдаушыдан **белсенді зерттеушіге** айналдырады.

Біздің қосымшаңызда бұл үрдіс нақты жүзеге асқан: оқушы теорияны тек тыңдап қоймай, оны практика жүзінде тексеріп, нәтижесін талдайды.

Педагогикалық модель: мобильді ортадағы сыни және зерттеушілік оқыту

Мобильді оқыту тиімді болуы үшін сабақ құрылымында келесі кезеңдер болуы қажет:

Кезең	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Мобильді құрал рөлі
1. Проблеманы қою	Сұрақ қояды, болжам жасатады	Мәселені талдайды	Қосымшадағы бейне немесе сурет стимул ретінде
2. Ақпаратты іздеу	Бағыт береді	Материалды өз бетімен зерттейді	Тест, анықтама, визуал модель
3. Талдау және дәлел	Түсіндіру сұрақтарын қояды	Жауабын дәлелдейді	Кері байланыс механизмі
4. Рефлексия және бағалау	Бағалайды	Қатесін талдайды	Қате талдау, ұпай жүйесі

Осы құрылым сыни ойлау мен зерттеушілік қабілеттерді табиғи жолмен дамытады.

Мобильді қосымшаларды пайдалану тиімділігі

Sobowale et al. (2024) мен *Arumugam et al. (2020)* зерттеулері негізінде мобильді оқытудың келесі артықшылықтары анықталған:

Ойлау операцияларының белсенділігі артады: салыстыру, талдау, жалпылау;

Танымдық тәуелсіздік қалыптасады: оқушы мұғалімге емес, өз әрекетіне сүйенеді;

Жадтың тиімділігі жақсарады: мультимедиалық қабылдау арқасында;

Оқу мотивациясы жоғарылайды: нәтижені бірден көру және өзін бағалау мүмкіндігі;

Коммуникативтік және цифрлық сауаттылық дамиды.

Практикалық қолдану мысалдары

Мұғалім мобильді қосымшаларды төмендегідей қолдана алады:

Сабақ алдында: тақырыпқа қызығушылық тудыратын бейнематериал қарау;

Сабақ кезінде: химиялық процестерді модельдеу немесе жылдам тест;

Сабақтан кейін: үй тапсырмасын орындау, нәтижені бағалау.

Мысалы, «Электролиз» тақырыбында оқушы қосымшадағы бейнені көріп, кейін тәжірибе сұрақтарына жауап береді. Бұл теория мен тәжірибенің байланысын күшейтеді.

Қиындықтар мен болашақ бағыттар

Мобильді оқытуды енгізуде бірқатар шектеулер бар:

Кей өңірлерде интернет пен құрылғы жетіспейді;

Мұғалімдердің цифрлық педагогика бойынша біліктілігі әртүрлі;

Оқушылардың кейде ойын мен оқуды шатастыру қаупі бар.

Болашақта бұл қиындықтар **цифрлық педагогикалық курстар, офлайн режимді кеңейту және AI негізіндегі жеке оқу траекториялары** арқылы шешілуі мүмкін.

Қорытынды

Мобильді қосымшалар химия сабағын жаңа сапалық деңгейге көтеріп, оқушыны **ойлайтын, талдайтын және зерттейтін тұлға** ретінде қалыптастырады. «Химия – қазақша тест» қосымшасы осы бағыттағы ұлттық деңгейдегі маңызды бастама болып табылады.

Ол оқушылардың пәндік білімін ғана емес, **сыни ойлау, логикалық пайымдау және зерттеушілік дағдыларын** дамытады.

Болашақта мұндай қосымшаларды кеңейтіп, виртуалды зертханалар мен жасанды интеллект элементтерін енгізу арқылы оқытудың сапасы мен дербестігін арттыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Arumugam P., Talib C.A., & Aliyu F. (2020). *Teaching and Learning Chemistry Using Smartphones. Educational Technology & Society*, 23(4), 49–59.
2. Sobowale F.M. et al. (2024). *Development and Evaluation of Mobile Learning Application for Practical Chemistry among Pre-Service Teachers. Discover Education*, 3: 252.
3. Mayer R.E. (2001). *Multimedia Learning*. Cambridge University Press.
4. Huang C., Lin T., & Liu P. (2021). *Gamification and Learning Motivation in Science Education. Journal of Educational Technology*, 18(2), 56–72.
5. chemistry.kz – Қазақ тіліндегі химия білім платформасы.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы**Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің****«№22 орта мектебі» КММ****Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-модератор****Орманбек Эльмира****«№35 орта мектебі» КММ****Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-модератор****Шәріпжанова Аяулым Қабылжанқызы****«Келісу, келіспеу» эссесі: оқушы пікірін қалыптастырудың тиімді жолы**

«Келісу, келіспеу» эссесі – оқушының жеке пікірін білдіруге, көзқарасын дәлелдеуге және сыни ойлауын дамытуға бағытталған жазба жұмысының тиімді түрі. Бұл эссе түрі білім алушылардың дәлелді ой айту дағдысын қалыптастыруда кеңінен қолданылады. Эссе жазу бойынша әдістемелік бағыттар мен пікір айту мәдениетін дамыту мәселелерін З.Әбілова, Қ.Қабдықайырұлы, Р.Сыздықова сынды зерттеуші-ғалымдар қарастырған. Сонымен қатар, Л.С. Выготский мен Ж. Пиаже еңбектерінде баланың ойлау қабілетін дамытудағы рефлексия мен пікір білдірудің маңызы ерекше атап өтіледі. Осы тұрғыдан алғанда, «Келісу, келіспеу» эссесі – оқушының танымдық және тұлғалық дамуына оң ықпал етеді.

Қазақ тілі пәнінен 6-сыныпта оқу бағдарламасы бойынша оқу мақсаты негізінде эссе жазуда келісу\келіспеу эссесі берілген.

Оқу бағдарламасы	Оқу мақсаты
«Келісу, келіспеу» эссесі	6.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі)

Бұл мақсат оқушыдан келесі дағдыларды талап етеді:

Эссе құрылымын сақтау	Кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды үштігі сақталуы керек.
Логикалық даму желісі болу шарт	ой бірізді дамуы қажет.
Екіжақты пікірді талқылау	Тақырыпқа қатысты қарама-қарсы екі көзқарас немесе екі түрлі жағдай беріледі. Оқушы сол екеуінің артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстырып көрсетуі тиіс. Бір пікірді таңдап, өз ойын дәлелдеу Қай көзқарасты дұрыс деп санайтынын нақты айтып, Аргументтер мен мысалдар арқылы өз таңдауын дәлелдеуі қажет.

Келісу-келіспеу немесе пікір эссесін жазу үшін алдымен тақырып бойынша ойды дамытып, өз пікірлерінді анықтауың керек.мысалы, төмендегі тапсырманы талдайық.

Тақырып: Оқушы мектепке арнайы форма киюі керек

1.Тақырыптағы әрбір сөзді мән беріп оқы. Тақырыпта берілген негізгі ойды анықта. Мектеп формасын сақтау/сақтамау, кию/кимеу деген пікірлердің қарама-қарсылығын туғызып отырған негізгі мәселені анықтауға толық түсінуге тырыс. Бұл мәселе негізгі өзекті болып отыр? Оның өзектілігін, маңыздылығын қалай түсіндіруге болады?

.....

.....

2.Тақырыппен байланысты интернеттен, баспасөз беттерінен ақпараттар жина, таныс. Мысалы, Қазақстан Білім және ғылыми министрлігінің сайтына кіріп, осы мәселеге байланысты құжаттармен танысып шық. Егер тақырып оқушылардың пікірлерімен байланысты болса, онда мұғалімнен оқушылар арасында сауалнама жүргізуге рұқсат сұрауыңа болады.

.....

.....

3. Келісу-келіспеу эссесінде ойды дамыту үшін ең тиімді жол – сұрақ қойып, оған жауап беру болып табылады. Сондықтан мектеп формасын неге кию керек? Неге кимеу керек? деген сұрақтарды жазып, өз ұстанымыңды (ойыңды) анықта. Сен қандай ойды қолдайсың? Егер күдіктенсең, екі бағаннан тұратын кесте сызып, екеуін де толтыр. Қайсысында қолдаушы идеялар, дәлелдер көбірек болды? Сен танысқан, тапқан құжат, мақалаларда дәлелдер жеткілікті келтірілді ме, сенімді ме? Сауалнама сұрақтарына берілген жауаптарда қандай ұстаным басымырақ болды? Оқушылар қай ұстанымды көбірек қолдады?

.....

.....

Олар өз таңдауларын дәлел келтіріп, сенімді жеткізе алды ма?

.....

.....

4.Өзің сенімді түрде қабылдаған көзқарастарға, пікірлерге назар аудар. Олардың үш-төртеуін жинақтап, әрқайсысын бір сөйлеммен беруге тырыс.

Негізгі ой-пікірлердің тізімін жаса. Бұл сенің алғашқы жоспарың болады.

.....

5. Енді осы пікірлерді түсіндіретін, дәлелдейтін айғақтар мен мысалдарды табуға тырыс. Ол үшін мектеп кітапханасына бар, дереккөздермен жұмыс жаса, өзіңнің ойыңды дәлелдейтін мәліметтер табуға тырыс. Интернет ресурстарынан тірек сөздерді енгізе отырып, ақпарат көздерін қарап шық. Керекті ақпаратты тапқан жағдайда, оның авторын, шығу дереккөзін, кітап болса, жарияланған жылы, баспа атауын, үзінді алынған бетті жазып алуды ұмытпа. Жоспарың жазылған параққа әр пункттің жанына дереккөздердің атауын жазып отыр. Бұл саған кейін керек ақпаратты оңай табуға көмектеседі.....

.....

6. Дәлелдер мен айғақтар жиналғаннан кейін, жоспарға қайтып кел. Енді жоспардың әр бөлімін кеңейт. Әр тезисті подтезистерге бөл. Жоспарды қайта қарап, әр тезиске, оның бөлімшелеріне 5 -1 аралығында баға беруге тырыс. Мысалы, сенің жоспарыңда (1) «Мектеп формасы оқушыға бір үлкен ұжымның мүшесі екенін сезіндіреді» деген тезис болды дейік, оны енді әрі қарай мынадай подтезистерге бөлуге болады:

1.1. бірыңғай мектеп формасы оқушының жауапкершілігін арттырады

USTAZ ENBEGI

1.2. бірыңғай мектеп формасы мақтаныш сезімін қалыптастырады

Осы подтезистерді дәлелдейтін мысалдарды өзің жинаған материалдарыңнан келтіруге болады.

Енді келісу-келіспеу эссесін жазуға кірісуге болады.

Ең маңыздысы кіріспені қызықты бастау керек. Эссенің басталуы оқып отырған адамның қызығушылығын туғызуы керек. Кіріспеде эсседе көтерілетін мәселе аталып, оған назар аударылуы тиіс. Мысалы,

Менің алғаш рет мектепке барғаным есімді. Үстімде ақ жейде, көкшіл дөңгеленген юбка, шашымда аппақ бантик, қолымда бір шоқ гүл. Мектепке жақындағанда мен сияқты аппақ бантик таққан, ақ көйлек, көк, қара юбка киген қыздарды көрдім. Олар маған қарап күліп қояды. Мен де олармен таныс адам сияқты жымыдым. Мен де сен сияқтымын, біз екеуіміз бірдейміз, ұқсаймыз дегендей болдым. Мен күнде мектептен келе сала мектеп формамды шешіп, іліп қоятынмын. Ініме, көрдің бе, мен енді үлкенмін. Мен енді оқушымын деп айтатынмын. Мектеп формасы менің есейгенімнің бір белгісі болды.

Енді негізгі бөлімге көшу үшін жаңа ойды енгізуші, байланыстырушы сөйлем керек. Бұл сөйлем негізгі тақырыпты атап, нақты мәселеге көшуге көмектесуі керек. Мысалы,

Мектеп формасын кию барлық ата-ана мен оқушылар арасында бірдей қолдау таппайды. Біреулер мектеп формасы оқушыларды бір-бірінен ерекшелемейді, оқушыға жеке тұлға ретінде қарауға кедергі келтіреді десе, біреулері «мектеп формасы оқушылардың әлеуметтік айырмашылығын көрсетпейді, оқушылар бірдей жағдайда, бірдей қалыпта отырады. Бұл олардың көңілін тек сабаққа, білім алуға аударады» дейді. Мен екінші - оқушылар мектеп формасын кию керек деген пікірді қолдаймын.

Енді мәселе бойынша өз аргументінді ұсын. Аргументтер саны сенің мақсатыңа тәуелді. Егер сен көлемді зерттеу жұмысын жасауды көздесең, онда эссе бірнеше аргументтерден құрылуы керек. Әр аргументтің өз тезисі, әр тезис подтезистерге бөлінуі тиіс.

Ал егер бір ғана тезиспен, яғни бір ғана абзацпен шектелсең, онда негізгі, маңызды бір аргументті кеңейтіп жазуға болады. Кеңейтілген эссе түрінде ойдың реті - біріншіден, екіншіден, үшіншіден, - қыстырма сөздерімен байланысып жатады. Ал қысқа эссе түрінде тезис ұсынылып, әрі қарай ол дәлелденеді.

Біріншіден, мектеп формасы оқушыға бір үлкен ұжымның мүшесі екенін сезіндіреді. Бірдей түсті, бірдей шартты белгілері бар мектеп формасын кигенде, мен өзімді осы мектептің, үлкен ұжымның бір мүшесі ретінде сеземін. Сондықтан мен өзім үшін ғана немес, мектеп алдында бір жауапкершілікті сеземін. Егер мен жаман іс жасап қойсам, менің үстімдегі мектеп формасына қарап, адамдар «Мына мектептің оқушылары қандай тәртіпсіз» деп айтады ғой. Сондықтан мектепке кір келтірмес үшін лайықты жүруге тырысамын. Ал жай өзі таңдаған киіммен жүрсе, адам оны сезінбеуі мүмкін ғой. Бұл туралы...

Қарсы тараптың пікірлерін келтіріп, қарсы дәлелдер келтір. Қарсы тараптың тезистеріне, айғақтарына қарсы шығуға болады.

Мысалы:

Қарсы тарап мектеп формасының баланың жеке тұлға ретінде ерекшелігін дамытпай шектейтінін айтады. Адамның ішкі қабілетін, ерекшелігін киімі анықтамайды. Егер киім баланың қабілетін дамытатын болса, онда дарынды балалар

USTAZ ENBEGI

саны өте көп болуы тиіс еді. Өйткені қазір тұрмысы жоғары адамдар саны жылдан-жылға көбеюде. Алайда ғалымдар дарынды балалардың 1000 000 -ға бір ғана баладан туатынын дәлелдеп отыр. Демек, киім баланың қабілетін дамытуға ешқандай ықпал ете алмайды.

Бірдей мектеп формасын киген оқушылар бір-бірінің киіміне емес, қабілетіне, біліміне назар аударатын болады. Ал мектеп формасы оларды ұжым ретінде сезінуге, ортақтасуға итереді. Ұжымда бала өз қабілетін ашады, дамытады. Өйткені бірдей киім киген балалар бір-бірімен тек білімі арқылы жарысатын болады.

Аргументтер бір-бірімен байланысты болып, бірін-бірі дамытып отыруы тиіс. Олардың біріншісінде айтылған ой екіншісінде жалғасып жатуы тиіс.

Өз тезистеріңді түсіндіріп, нақты сілтемелермен, сандармен дәлелдеп отыруға дағдылан. Мысалы, Абайдың сөзін келтіретін болсаң, Абай өзінің 25 қарасөзінде «Үйрен де жирен» дейді.

Аргументтерді ғалымдардың, белгілі адамдардың сөздерінен алынған нақыл сөздерден бастауға болады. Содан кейін оны түсіндіре отырып, өз тезисіңді – тұжырымыңызды келтіруге болады.

Қорытындыда негізгі бөлімде айтылған аргументтеріңді жинақтап беру керек.

Қорыта айтқанда, мектеп формасы оқушылардың жеке қабілеті мен еркішелігін дамытуға кедергі келтірмейді, керісінше, ол оқушының өзін үлкен ұжымның бір мүшесі ретінде қабылдап, көпшілік алдында басқалар үшін де жауапты екенін сезінуге үйретеді. Бірдей киім киген оқушылар бір-бірінен тек білімі, қабілеті арқылы ғана дараланады. Олар бір-бірімен білімі арқылы жарысып, дамитын болады.

Мектеп формасының артықшылықтары	Мектеп формасының кемшіліктері
1. Оқушылар бірдей киіммен отырады. Бірі-бірінен ерекшеленбейді. Оқушы сыныпта өзін жайлы сезеді. 2. Киім таңдап, уақыт кетірмейсің. Күнделікті киімді киіп кете бересің. 3. Киім арқылы оқушының қай мектепте оқитынын білуге болады.	1. Бір киімді кию адамның көңіл күйін нашарлатады. 2. Киімнің бірдей болуын мұғалім үнемі қадағалап отыруы керек. Ал ол көп уақыт алады. 3. Киімдердің сапасы нашар болады.

«Келісу, келіспеу» эссесін жазудың қадамдары

Тақырып: «Ұялы телефон – баланың ең жақсы көмекшісі» деген пікірмен келісесің бе, әлде келіспейсің бе?

1-қадам: Тақырыппен танысу	Бұл пікір не туралы? Негізгі ойды түсін. <i>Бұл пікір ұялы телефон баланың өміріне пайдалы дегенді білдіреді.</i>
2-қадам: Көзқарасыңды анықта	Бұл оймен келісесің бе, әлде келіспейсің бе? Біреуін таңда. <i>Мен бұл пікірмен келісемін, себебі..</i>
3-қадам: Дәлел келтіру	Өз ойыңды 2–3 сөйлеммен дәлелде <i>Телефон арқылы мен үй тапсырмасын орындауға көмектесетін ақпарат табамын. Сонымен қатар, ата-анаммен үнемі байланыста боламын.</i>
4-қадам: Қорытынды жазу	Жазған ойыңды қысқаша қорытындыла. Өз пікіріңді тағы бір рет бекіт. <i>Сондықтан да мен телефон – балаға пайдалы құрал деп ойлаймын.</i>
Нәтижесі	Кіріспе:Тақырыпты түсіндіру, көзқарасыңды айту.

Қорыта айтқанда, «Келісу, келіспеу» эссесі – оқушылардың жеке көзқарасын қалыптастырып, өз пікірін дәлелді түрде жеткізуіне мүмкіндік беретін тиімді жазба жұмысы. Бұл эссе түрі арқылы оқушылар сыни ойлау, талдау, салыстыру және дәлелдеу дағдыларын меңгереді. Жазу барысында баланың шығармашылық қабілеті артып, өзіндік ой-пікірі дамиды. Мұндай эссе форматы оқушыны дайын пікірді қабылдаушы емес, өз көзқарасын қалыптастыратын тұлға ретінде тәрбиелейді. Мұғалім үшін бұл – оқушының таным деңгейін, ойлау логикасын бағалауға мүмкіндік беретін маңызды әдіс. Осы себепті «Келісу, келіспеу» эссесін жазуға үйрету – білім берудегі өзекті бағыттардың бірі. Алдағы уақытта бұл әдістің қолдану аясын кеңейту мен тиімді тәсілдерін жетілдіру қажет.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Эссе жазу бойынша әдістемелік құрал (қазақ тілі мен әдебиеті). Әдістемелік құрал. Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 41 б.
2. Ермекбаева Б. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту Алматы: Мектеп, 2017.
3. Тұрғымбаева Б. Қазақ тілі сабағында эссе жазу технологиясы. Шымкент: ОҚМУ, 2019.



**Мастер производственного обучения.
Преподаватель специальных дисциплин
Многопрофильного колледжа города Қонаев
Нургалиев Ергали Сундетгалиевич**

Формы и методы организации самостоятельной работы студентов.

Под самостоятельной учебной работой следует понимать любую организованную преподавателем (мастером производственного обучения) активную деятельность студентов, направленную на выполнение поставленной дидактической цели в специально отведённое для этого время: поиск знаний, их осмысление, закрепление, формирование и развитие умений и навыков, обобщение и систематизацию знаний.

Самостоятельная работа как дидактическое явление представляет собой, с одной стороны, учебное задание, составленное для достижения определённой дидактической цели. С другой стороны – форму проявления соответствующей познавательной деятельности: памяти, мышления, творческого воображения при выполнении студентами учебного задания, которое, в конечном счёте, приводит его либо к получению совершенно нового, ранее неизвестного ему знания, либо к углублению и расширению сферы действия уже полученных знаний.

Следовательно, самостоятельная работа – это такое средство обучения, которое:

- в каждой конкретной ситуации усвоения соответствует конкретной дидактической цели и задаче;
- формирует у обучающегося необходимый объём и уровень знаний, навыков и умений для решения определённых познавательных задач на каждом этапе его движения от незнания к знанию;
- вырабатывает у студентов психологическую установку на самостоятельное систематическое пополнение своих знаний и выработку умений ориентироваться в потоке научной и общественной информации при решении новых познавательных и профессиональных задач;
- является важнейшим орудием педагогического руководства и управления самостоятельной познавательной деятельностью обучающегося в процессе профессионального обучения.

Самостоятельная работа, наряду с аудиторной, представляет одну из форм учебного процесса и является его существенной частью.

Самостоятельная работа студентов - составная часть обучения, деятельность студентов в процессе обучения и во внеаудиторное время, выполняемая по заданию преподавателя, но без непосредственного его участия.

Кроме этого студент самостоятельно должен и может заниматься на занятиях. Согласно последним рекомендациям по методике действенного вовлеченного обучения,

USTAZ ENBEGI

студент должен 70% времени на занятиях работать самостоятельно. Самостоятельная работа имеет целью проработку пройденного материала во время занятий, пополнение и углубление знаний, выполнение конкретных заданий (работа с книгой, подготовка докладов, выполнение курсовых работ и дипломных проектов, поиск необходимой информации, конструирование, учебная и научно-исследовательская работа).

Самостоятельная работа - это не только закрепление и углубление знаний, но и самостоятельное изучение, и усвоение материала. Вот почему существуют в системе профессионального образования такие формы обучения, как экстернат и заочное обучение, развиваются дистанционные технологии обучения.

Самостоятельная работа имеет следующие достоинства:

- позволяет хорошо разобраться в изучаемом материале; позволяет студенту вырабатывать свои убеждения и взгляды;
- позволяет формировать у студента трудолюбие, творческий подход к делу, целеустремленность, силу воли, самостоятельность мышления и системность в распределении времени;
- у студента вырабатывается потребность в приобретении и углублении знаний;
- у студента вырабатываются навыки работы с литературой, приемы и методы общения с людьми для достижения поставленной цели.

Правильная организация самостоятельной работы имеет огромное образовательное и воспитательное значение. В монографии П.И. Пидкасистого выделено пять уровней самостоятельной работы.

Первый уровень - дословное и преобразующее воспроизводство информации.

Второй уровень - самостоятельная работа по образцу.

Третий уровень - реконструктивно-самостоятельная работа (составление кроссвордов, интервью, рассказ и т.п.).

Четвертый уровень - самостоятельная эвристическая работа.

Пятый уровень — творческая (исследовательская, опытническая) работа.

Каждый из этих уровней объективно существует в педагогической практике, и давать самостоятельное задание студенту уровнем выше, чем он способен выполнить – это в лучшем случае напрасно потерять время на учебном занятии.

При этом основная задача преподавателя - помочь каждому учащемуся (студенту) найти свое место в жизни. Это возможно только при развитии самостоятельной работы студента.

Самостоятельная работа всегда вызывает затруднения у студентов, особенно на первом курсе. На первом курсе необходимо их научить правильно ставить учебные цели при самостоятельном изучении материала, учить анализировать прочитанный материал и отбирать главное, работать с первоисточниками.

В виду того, что самостоятельная работа является важнейшей формой учебного процесса, преподавателю следует акцентировать ее преимущества по

формированию параметров квалификационной характеристики.

При выдаче задания на самостоятельную работу необходимо четко поставить перед студентами цель, актуализировать и мотивировать ее, дать алгоритм выполнения задания и рекомендовать литературу, которая поможет выполнить задание, установить форму и сроки сдачи выполненной работы, определить сроки консультаций (оказание помощи в организации работы), установить критерии оценки.

Желательно разработать для студентов памятку по самостоятельной работе. В ней надо указать следующее:

- внимательно прочитайте тему;
- перечислите ваши действия по выполнению задания;
- составьте план работы, выделяя главные разделы;
- в каждом разделе наметьте основные положения;
- пронумеруйте их;
- в конце выполнения работы оцените, достигли ли вы поставленной цели.

При выполнении самостоятельной работы студенты проходят следующие этапы:

- определяют цель работы;
- конкретизируют проблемную ситуацию;
- делают оценку собственных знаний для выполнения задачи;
- планируют и выполняют работу.

Дидактические цели самостоятельной работы.

При планировании и организации самостоятельной работы студентов необходимо помнить, что выбор и формулировка дидактических целей должны соответствовать видам самостоятельной деятельности студентов как в рамках учебного занятия, так и внеаудиторной работы.

- Систематизация и закрепление полученных теоретических знаний и практических умений;
- Углубление и расширение теоретических знаний;
- Формирование умений использовать справочную, правовую, нормативную документацию и специальную литературу;
- Развитие познавательных способностей и активности студентов;
- Формирование у студентов самостоятельности мышления, способности к саморазвитию, самосовершенствованию и самоактуализации;
- Развитие исследовательских умений.

Қоғамдағы ұстаз мәртебесі

*Алты Алаштың баласы бас қосса,
тәрдегі орын – мұғалімдікі.
М. Жұмабаев*

Иә, қай заман өтсе де, қай ғасырда болмасын ұстаздың орны ерекше. Білімнің бар бастау қайнарында екі тарап бар: біреуі – үйренуші, екіншісі – үйретуші. Қазіргі бұқара арасында ұстазға айтылатын үйретуші сөзінің мағынасы біржолата жойылып, бағыттаушы, бағдарлаушы деген сөзбен алмасты десем, қате айтпағаным деп білемін.

Әлбетте, қазіргі заманда, яғни 2017 жылдан бері мұғалім сабақты үйретпейді, білімді бермейді, мұғалім тек білімді қалыптастырады. Осы ретте заманға сай білім беру, оқу және оқыту үрдісінде біршама өзгеріс пайда болып, мұғалімнің міндеті де айрықша өзгеріске ұшырады. Мәселен, бұрынғы бағдарлама, бұрынғы қағидат бойынша мұғалім:

- сабақты өзі түсіндіреді;
- тақырыпты өзі ашады;
- мәліметтерді, ақпараттарды өзі таратады;
- жұмыс орындалуы, тапсырманың орындалуы нәтижесі бойынша түйінді өзі жасайды;
- өзі бағалайды;
- өзі тұжырым жасайды.
- ақпаратты өзі дайындайды және т.б.

Ал жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасы аясынан бері мұғалімнің де қызметі мен функциясы біршама өзгеріске ұшырады:

- сабақтың тақырыбын оқушылардың ойлау, қиял қабілеттерін дамыту мақсатында сындарлы сұрақтың көмегімен оқушылардың өздеріне тақырыпты айтуға жағдай жасайды;
- тақырыпты түсіндіруде оқушылардың арасындағы көшбасшыларға, активтерге жүгінеді, солардың көмегімен мұғалім тек жетектеуші, бағдарлаушы қызметін ғана атқаруда;
- берілген тапсырмалардың орындалуына тұжырымның жасалуына көшбасшыларды, болмаса барлық оқушыларды ой толықтыру, ойға ой қосу қағидатымен сыни кері байланыс жасауға тартады;
- тапсырмалар мен оқыту үрдісін бағалауда оқушы-оқушы, оқушы-мұғалім қағидатымен өздерінің объективті бағалауларына жағдай жасайды;
- оқу және оқыту үрдісіне рефлексия мен жалпы кері байланыстың оқушылармен

USTAZ ENBEGI

жасалуын назарда ұстайды;

- үй жұмысына келесі сабаққа деген аздаған байланысы бар шығармашылық бағыттағы тапсырмаларды беру арқылы келесі сабаққа қажетті ресурстың да оқушылардың өзімен даярлауына керемет мүмкіндік беру арқылы оқушылардың қызығушылығын, ішкі мүмкіншіліктерін құзырлы ескереді.

Осындай тәртіпте мұғалімнің оқушыға деген талпыныс пен оқу дағдысы деңгейіндегі жетістігіне жасап жатқан жолындағы ұлы қызметтік өзгерісті қоғамда біреу түсінсе, біреуі әлі де қабылдай алмауда, түсіне алмауда. Қазіргі кездегі қоғамның ұстазға, мұғалімге деген пікірі де оқушылардың жетістіктеріне орай екі жақты болуда. Бірі мұғалімді жақтап, мақтап, құрмет білдіріп жатса, кейбір тұлғалар мұғалімді қаралаудан да тайынбайды. Осы ретте мұғалім мәртебесі де әлі күнге дейін әлі де біршама мәселенің арасында жүргені мәлім. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының аса мықты заңнамаға қол қойып, қолданысқа шығаруы арқылы мұғалім мәртебесіне қатысты біршама жағымды жағдайлар жасалынғанына ризамыз. Себебі, кез келген саланың бірінші тұлғасы – білім беруші ұстаз. Соған байланысты басқа да елдерде алдымен ұстазға құрмет көрсетіліп, барлық жағдай жасалынуда. Осы секілді біздің елде де мұғалімдерге деген құрмет пен біраз мемлекеттік бағдарламалардың толыққанды орындалуы мұғалімдердің де бәсекелі, жоғары қабілетті, құзырлы болуына ынтасының жоғарылауына әдемі жағдай қойылғандай.

Ұстаз мәртебесіне қатысты пікірді өткен жолдауында Қасым-Жомарт Кемелұлының айтуы да орынды. Әлбетте, мұғалім жоғары қабілетті, құзырлы, шығармашыл, сыни ойлай білетін және өзі секілді ақылды, кез келген жағдайға үйренісе алатын, бейімделгіш тұлғаларды қалыптастыратын мықты кәсіп иесі болуы шарт. Осы ретте Аристотельдің «Барлық парасат адамның болмысындағы интеллектіге байланысты...» деген пайымдауының өзі жеткілікті секілді. Сонымен бірге Абай атамыздың «ортаға біліміңмен емес, мінезіңмен сыясың» дегеніндей, педагог болу кеудені керіп, «Мен - ұстазбын» деп жүру емес, мұғалім деген үнемі ізденіс үстінде, еңбек етумен пара-пар. Осы орайда қажылыққа барып келіп, дін мен ғылымды қатар ұстаған арысымыз Шәкәрімнің «Өзгемен емес, өзіңмен алыс, Өзгемен емес, өзіңмен жарыс...» деген сөздері де әр мұғалімге күнделікті өмірде дәйек болары айқын.

Осындай талаптарды орындап, шарттарға жауап беретін тұлға ғана қоғамдағы ұстаз мәртебесіне қатысты барша құрмет пен сыйластыққа ие болары анық.

Қашан да рухани болмыс пен адамгершілікті мінез тарихта қалмағы бар-тын. Аталмыш ойымды түйіндей келе, қазіргі ғасырдағы ұстаз келешегі мен келбетін тарих дәйектеріне жақындастыру әрбір мұғалім мамандығын таңдаған тұлғалардың қолында екендігін айтқым келеді. Өте қолжетімді, өлшемді, жеңіл және де үлкен материалдық ресурсты қажет етпейтіндігі айқын.



Павлодар қаласы

«Павлодар қаласы №25 жалпы білім беру мектебі» КММ

Бастауыш сынып мұғалімі

Мырзатаева Нургуль Нуртаевна

**2-сынып оқушыларының математика пәні бойынша
білімін бекітуге арналған авторлық тапсырмалар жиынтығы
(Блум таксономиясы негізінде)**

Аннотация

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының математика пәні бойынша білімдерін бекітуге арналған авторлық тапсырмалар жиынтығы ұсынылады. Жинақ Блум таксономиясы негізінде құрылып, оқушылардың ойлау қабілетін дамытудың барлық деңгейін қамтиды. Әдістемелік құрал 2-сыныптың оқу бағдарламасына сай 10 тақырыпты қамтиды және 32 карточкадан тұрады. Тапсырмалар оқушының білімін жүйелі түрде бекітуге, қатемен жұмыс жасауға, логикалық ойлау мен өздігінен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама мұғалімдерге оқушылардың жеке қабілеттерін анықтап, оқу жетістіктерін арттыруда әдістемелік көмекші құрал ретінде ұсынылады.

***Кілт сөздер:** бастауыш сынып, математика, 2-сынып, Блум таксономиясы, тапсырмалар жиынтығы, карточкалар, білімді бекіту, жаңартылған білім беру, әдістемелік құрал, жеке жұмыс, логикалық ойлау.*

Кіріспе

Қазіргі таңда Қазақстандағы білім беру жүйесінде оқыту үдерісін жаңғыртуға, оқушының жеке қабілеттерін дамытуға, білім сапасын арттыруға ерекше көңіл бөлініп отыр. Бұл талаптар, ең алдымен, бастауыш білім беру сатысына тікелей қатысты. Өйткені дәл осы кезеңде баланың білімге деген көзқарасы, ынтасы және логикалық ойлауы қалыптасады.

Бастауыш сынып оқушылары үшін оқу материалының қолжетімділігі мен мазмұны ғана емес, оны меңгерту тәсілдері де аса маңызды. Сондықтан мен, бастауыш сынып мұғалімі ретінде, 2-сынып оқушыларына арналған “Математика пәнінен білімдерін бекітуге арналған тапсырмалар жиынтығын” құрастыруды мақсат еттім. Бұл тапсырмалар Блум таксономиясы негізінде жүйеленіп, Павлодар қаласының №25 жалпы білім беру мектебінде оқу үдерісінде сәтті қолданылды.

Бағдарлама құрылымы және мақсаты

Авторлық бағдарлама 2-сынып оқушыларының білім деңгейіне сәйкес құрылған. Жинақ 10 негізгі тақырып пен 32 карточканы қамтиды. Әр карточка нақты бір тақырыпты бекітуге бағытталған және оқушының білімін кезең-кезеңмен тексеруге мүмкіндік береді.

Бағдарламаның мақсаты – 2-сынып оқушыларының математикалық білімдерін жүйелі түрде бекіту, пәнге қызығушылығын арттыру, логикалық ойлау, талдау, өз бетімен жұмыс істеу және өзін-өзі бағалау қабілеттерін дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

- Екі таңбалы сандарды қосу және азайту дағдыларын қалыптастыру;
- Амалдарды қолдана отырып есеп шығару тәсілдерін меңгерту;

USTAZ ENBEGI

- Шамалар мен олардың өлшем бірліктерін қолдана білу;
- Жиын және оның элементтерімен таныстыру;
- Геометриялық фигуралар мен бұрыш түрлерін ажырату;
- Көбейту және бөлуге арналған есептерді шешу;
- Санды және әріпті өрнектерді ажырата білу;
- Есептеудің тиімді тәсілдерін пайдалану;
- Геометриялық фигуралардың периметрі мен ауданын табуға үйрету;
- Оқушылардың өз-өзін бақылап, бағалау дағдыларын дамыту.

Блум таксономиясы негізінде тапсырмаларды құрастыру

Оқу мақсаттарын жүйелеу мен саралау мақсатында Блум таксономиясы кеңінен қолданылды. Тапсырмалар төмендегі алты деңгейге сәйкес дайындалды:

- Білу – Оқушы математикалық ұғымдарды еске түсіреді, есте сақтайды.
- Түсіну – Тапсырманың мәнін ұғады, түсіндірмелер береді.
- Қолдану – Білімін практикалық жағдайда қолданады.
- Талдау – Мәселенің құрылымын, шешу жолдарын ажырата біледі.
- Жинақтау – Алған білімді біріктіріп, жаңа шешім шығарады.
- Бағалау – Шешімді бағалап, өзіндік қорытынды жасайды.

Мұндай тапсырмалар оқушылардың сыни ойлауын дамытып, әр тапсырмадан кейін өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастырады.

Мазмұндық құрылым (тақырыптар):

- ❖ Екі таңбалы сандар
- ❖ Сандармен амалдар орындау. Есептер
- ❖ Шамалар және олардың өлшем бірліктері
- ❖ Жиынды және оның элементтерін белгілеу
- ❖ Геометриялық фигуралар және олардың өзара орналасуы. Бұрыш түрлері.

Көпбұрыштар

- ❖ Көбейту және бөлуге арналған есептер
- ❖ Санды және әріпті өрнектер
- ❖ Есептеудің тиімді тәсілдері
- ❖ Есеп шығару тәсілдері
- ❖ Геометриялық фигуралар. Периметр. Аудан
- ❖ Пайдалану жолдары мен әдістемелік тиімділігі

Мектебімізде бұл тапсырмалар жеке оқушымен жұмыс, шағын топпен жұмыс, нұсқалар арқылы тексеру, бақылау жұмыстарына дайындық, қатемен жұмыс түрінде қолданылды.

Артықшылықтары:

- Оқушылардың білім деңгейін нақты анықтауға мүмкіндік береді;
- Тапсырмалар дифференциалды түрде ұсынылып, жеке қабілеттерге қарай бейімделеді;
- Қиындығы әртүрлі тапсырмалар оқушыны ізденуге жетелейді;
- Өздігінен жұмыс істеуге дағдыландырады;
- Сабақтағы белсенділікті арттырады.

Оқушылармен жүргізілген тәжірибелік жұмыс нәтижелері

Жинақтың практикалық маңыздылығын бағалау мақсатында өзім сабақ беретін 2-сынып оқушыларымен жүйелі жұмыс жүргізілді. Сабақ барысында оқушылар карточкалар бойынша жеке тапсырмалар орындады. Қиындық деңгейіне қарай бөлінген тапсырмалар оқушылардың ойлау дағдыларына оң әсерін тигізді.

Нәтижесінде:

- Пәнге деген қызығушылықтары артты;
- Ойлау қабілеті дамыды, логикалық байланысты орнату іскерліктері жақсарды;
- Өздік жұмысқа деген жауапкершілік қалыптасты;
- Қатемен жұмыс жасау арқылы білімдерін түзетті;
- Тест пен бақылау жұмыстарының нәтижесі едәуір жақсарды;
- Олимпиадалар мен сайыстарға белсенді қатысу байқалды.

Бағдарламаның өзектілігі

Бұл әдістемелік құрал оқушылардың пәнге деген ынтасын арттыруда, білімін жүйелеуде және тұрақты түрде бекітуде тиімді көмекші құрал ретінде қолданылады. Сонымен қатар, әр мұғалімге оқушының әлсіз және күшті тұстарын айқындауға, оқу үдерісін жекелеп жоспарлауға жол ашады.

Қазіргі білім беру талаптары баланың оқу әрекетінен нәтижеге бағытталған белсенді әрекетке көшуін талап етеді. Осы орайда бұл жинақ өзектілігімен ерекшеленеді.

Қорытынды

Бастауыш сыныптағы оқыту жүйесінің басты ерекшелігі – оқушыны жан-жақты дамытып, білімнің іргетасын қалау. Осы бағытта жүргізілген “Блум таксономиясы негізінде құрастырылған тапсырмалар жиынтығы” оқушының білімін тексеру мен бекітудің тиімді құралы ретінде тәжірибеде өз орнын тапты.

Бұл авторлық бағдарлама «Павлодар қаласының №25 жалпы білім беру мектебі» КММ-де сәтті енгізіліп, қолданысқа енді. Оқушылардың сабақтағы белсенділігі, пәнге қызығушылығы және білім сапасы артты. Болашақта бұл бағдарламаны басқа да сыныптарда қолдануға, мазмұнын кеңейтіп, толықтыруға мүмкіндік мол деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сыныптарына арналған оқу бағдарламасы
3. Жаңартылған білім мазмұны бойынша әдістемелік нұсқаулықтар
4. Блум таксономиясы: оқыту мақсатын жүйелеу (Benjamin Bloom, 1956)
5. Педагогика және психология саласындағы заманауи ғылыми мақалалар мен зерттеулер



Павлодар қаласы
№25 жалпы орта білім беру мектебінің
Бастауыш сынып мұғалімі
Сапар Ақерке Асылханқызы

2-сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамытудағы математиканың рөлі

Аннотация

Бұл мақалада бастауыш мектептің 2-сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамытудағы математиканың рөлі қарастырылады. Зерттеу барысында «Математика және логикалық ойлауды дамыту» атты авторлық бағдарлама негізінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, ойлау операцияларын (салыстыру, жалпылау, талдау, қорытынды жасау) қалыптастыру тәсілдері талданды. Бағдарламаны оқу үрдісіне енгізу нәтижесінде оқушылардың математикалық сауаттылығы мен логикалық ойлау деңгейінің артуы байқалды. Мақалада математикалық тапсырмаларды шығармашылық және ойын түрінде ұйымдастырудың тиімді әдістері ұсынылып, логикалық ойлауды дамытудағы математиканың тәрбиелік және дамытушылық маңызы негізделеді.

***Түйінді сөздер:** математика, логикалық ойлау, бастауыш сынып, оқу процесі, авторлық бағдарлама, дамыта оқыту.*

Кіріспе

Қазіргі таңда бастауыш білім берудің басты мақсаты – оқушының тұлғалық дамуын қамтамасыз етіп, оның танымдық қабілеттерін, соның ішінде логикалық ойлау мен математикалық мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Математика пәні бастауыш кезеңде тек есептеу дағдыларын меңгертумен шектелмей, оқушылардың ойлау, талдау, салыстыру және қорытынды шығару іскерлігін дамытудың негізгі құралына айналуы тиіс.

Осы бағытта дайындалған «Математика және логикалық ойлауды дамыту» атты авторлық бағдарлама 2-сынып оқушыларының жас ерекшелігіне және танымдық деңгейіне сай құрастырылып, олардың математикалық сауаттылығын арттыру мен логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның ғылыми-әдістемелік негіздері

Бағдарлама мазмұны Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің мемлекеттік стандартына және жаңартылған оқу бағдарламасының негізгі қағидаларына сүйеніп жасалған.

Оқыту үдерісінде оқушылардың логикалық, аналитикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар мен әдістемелік жаттығулар жүйесі қарастырылған.

Бағдарламада қолданылған әдіснамалық тәсілдер:

- ойын арқылы оқыту (геймификация элементтері);
- дифференциалды және сараланған тапсырмалар;

USTAZ ENBEGI

- визуалды-логикалық модельдер мен схемаларды пайдалану;
- проблемалық және зерттеу әдістері;
- символдық және кодталған тапсырмалар жүйесі.

Бұл тәсілдер оқушылардың ойлау әрекетін белсенділендіріп, математикалық ұғымдарды терең түсінуге ықпал етеді.

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама төрт негізгі модульден тұрады:

1. Сандар әлемі және амалдар.

Оқушылардың сандық түсініктерін қалыптастырып, қарапайым арифметикалық операцияларды логикалық негізде орындауға үйрету.

2. Логикалық ойлауды дамыту.

Салыстыру, топтау, сәйкестендіру, ұқсастық пен айырмашылықты табу, қарама-қарсы ұғымдарды анықтау сияқты тапсырмалар арқылы ойлау операцияларын дамыту.

3. Символдық және кодталған тапсырмалар.

Ребустар, сурет-кодтар мен сандық шифрлар арқылы оқушылардың символдық ойлау қабілетін жетілдіру.

4. Математикалық ойындар және шығармашылық тапсырмалар.

Ойын элементтері мен логикалық есептер арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру және өзіндік ізденісін дамыту.

Апробация нәтижелері

Бағдарлама 2024–2025 оқу жылында бірнеше жалпы білім беретін мектептерде апробациядан өткізілді.

Апробация нәтижесінде төмендегідей көрсеткіштер анықталды:

- Оқушылардың логикалық және аналитикалық ойлау қабілеті айтарлықтай артты;
- Математика пәніне қызығушылық деңгейі жоғарылады;
- Есептерді шешу кезінде шығармашылық тәсілдер мен өзіндік пайымдаулар байқалды;
- Оқушылардың зейін, есте сақтау және салыстыру қабілеттері күшейді;
- Мұғалімдердің пікірінше, бағдарлама оқыту процесін жандандырып, сабақ сапасын арттырды.

Бұл нәтижелер бағдарламаның тиімділігін және бастауыш мектеп жағдайында қолдануға толық жарамды екенін көрсетті.

Қорытынды

2-сыныпқа арналған «Математика және логикалық ойлауды дамыту» авторлық бағдарламасы – оқушылардың танымдық белсенділігі мен логикалық ойлау қабілетін дамытудың пәрменді құралы. Бағдарлама мазмұны баланың математикалық сауаттылығын қалыптастырып қана қоймай, оны шығармашылықпен ойлауға, өз ойын дәлелдеуге, шешім қабылдауға үйретеді.

USTAZ ENBEGI

Мұндай бағыттағы бағдарламаларды оқу-тәрбие процесіне енгізу – білім беру сапасын арттырудың және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолындағы маңызды қадам болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2018.
2. Жұмабаева Г.Л. Математикадан сабақ беру әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2020.
3. Кузнецова Т.И. Развитие логического мышления у младших школьников. – Москва: Просвещение, 2019.
4. Есенбаева Б.Т. Логикалық тапсырмалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2022.
5. Құдайбергенова А.С. Математикалық ойлау дағдыларын дамыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2021.



**Жетісу облысы, Көксу ауданы, Балпық би ауылы
«Медеубау Құрманов атындағы №2 орта мектеп» КММ-нің
Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Баубекова Айжан Такеновна**

Қызықты ағылшын тілі: Әндер, ойындар мен ертегілер арқылы тіл үйрену

Қазіргі білім беру жүйесінде шет тілін оқыту үдерісі оқушылардың қызығушылығын арттырумен және практикалық дағдыларын қалыптастырумен тығыз байланысты. Тілді меңгерудің тиімді әрі тартымды жолдарының бірі – сабақ барысында ән, ойын және ертегі сияқты шығармашылық элементтерді қолдану. «Fun English: Learning Through Songs, Games and Stories» бағдарламасының басты мақсаты – ағылшын тілін үйренуді ойын түрінде ұйымдастыра отырып, бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу қабілеттерін кешенді түрде дамыту. Әндер – оқушылардың тілдік дағдыларын табиғи түрде дамытатын ерекше құрал. Музыканың ырғағы мен әуені сөздер мен дыбыстарды жеңіл қабылдауға мүмкіндік береді. Ән айту арқылы оқушылар жаңа сөздер мен грамматикалық құрылымдарды оңай есте сақтайды, дұрыс айтылым мен интонацияны қалыптастырады, тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамытады, сабаққа эмоционалды қызығушылықпен қатысады. Мысалы, “Head, Shoulders, Knees and Toes”, “If You’re Happy”, “Old MacDonald Had a Farm” сияқты әндер арқылы оқушылар тақырыптық лексиканы бекітіп, қимыл арқылы тілмен әрекеттеседі. Ойын – баланың табиғи әрекеті әрі танымдық дамудың маңызды бөлігі. Тілді ойын арқылы үйрету – оқушылардың белсенділігін арттырып, оқыту процесін қызықты етеді. Ағылшын тілі сабағындағы ойындар оқушыларды еркін сөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға және командалық рухты дамытуға үйретеді. Тиімді ойын түрлері “Simon Says”, “Find the Colour” – тыңдау және нұсқауды түсіну қабілетін дамытады, “Word Bingo”, “Memory Game”, “Guess the Animal” есте сақтау мен логикалық ойлауды жетілдіреді. Рөлдік ойындар – сөйлеу, диалог құру және өз ойын еркін жеткізу дағдысын дамытады. Ертегілер – тіл үйретудегі ең әсерлі әрі тәрбиелік мәні зор құралдардың бірі. Ертегі тыңдау, мазмұндау және сахналау арқылы оқушылардың тыңдау, сөйлеу және түсіну қабілеттері дамиды. Ағылшын тіліндегі ертегілердің артықшылығы – олардың қарапайым, қайталанбалы құрылымында. Мысалы “The Little Red Hen” – еңбек пен жауапкершілікті үйретеді, “Goldilocks and the Three Bears” – сипаттау және салыстыру дағдыларын дамытады, “The Gingerbread Man”, “Brown Bear, Brown Bear, What Do You See?” – есте сақтау мен сөздік қорды кеңейтеді. Ертегімен жұмыс түрлері тыңдау және қайталау (listening & repeating), рөлдік ойын және сахналау (role-play, drama), сурет бойынша әңгімелеу, ертегіні жалғастыру немесе өз нұсқасын жазу.

«Fun English: Learning Through Songs, Games and Stories» бағдарламасы – бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін үйретудің заманауи әрі тиімді әдісі.

USTAZ ENBEGI

- Әндер – фонетикалық және есту дағдыларын дамытады;
- Ойындар – белсенділік пен тілдік қарым-қатынасты қалыптастырады;
- Ертегілер – тілдік және мәдени құндылықтарды бойға сіңіреді.

Мұндай сабақтарда бала өз қабілетін еркін көрсетіп, тіл үйренуді қызықты саяхат ретінде қабылдайды. Нәтижесінде оқушылар ағылшын тілін тек пән ретінде емес, қарым-қатынас құралы және шығармашылық дамудың көзі ретінде меңгереді.

"Fun English: Learning Through Songs, Games and Stories" — Бұл тақырып балалар мен жасөспірімдердің ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыруда тиімді әдіс ретінде қарастырылады. Әндер арқылы сөздік қорын кеңейтіп, дұрыс айтылымды меңгеруге көмектесе, ойындар тілді тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді. Ал қызықты әңгімелер (storytelling) тыңдау, түсіну және сөйлеу дағдыларын дамытады. Бұл тәсіл оқушылардың жас ерекшелігіне сай, эмоционалды тартымды және табиғи түрде тіл үйренуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, сынып ішіндегі достық атмосфераны қалыптастырады



Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы
«Б. Алтынсарин атындағы №1 орта мектебі»
Тарих пәні мұғалімі
Ахметжан Мархабат Мұхаметжанқызы

Тарихи деректермен жұмыс істеудің әдістемелік негіздері

Аңдатпа

Бұл мақалада тарихи деректермен жұмыс істеудің әдістемелік негіздері қарастырылады. Тарихты оқыту үдерісінде дерек көздерін тиімді пайдалану оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыруға, деректерді талдау, салыстыру және интерпретациялау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында тарихи деректердің түрлері, оларды талдау әдістері, оқу процесінде қолдану жолдары және практикалық тапсырмаларға енгізудің маңызы айқындалады. Сонымен қатар, оқушылардың тарихи санасын қалыптастыруда дерекпен жұмыс істеудің рөлі мен оның оқу-танымдық құндылығы ашып көрсетіледі.

***Кілт сөздер:** тарихи дерек, әдістеме, тарихи сана, талдау, салыстыру, интерпретация, оқыту процесі, сыни ойлау.*

Кіріспе

Қазіргі таңда тарихи білім беру жүйесінде оқушылардың дербес ойлау қабілетін, деректерді сараптау және талдау дағдыларын дамыту өзекті мәселелердің біріне айналды. Себебі тарих ғылымы – тек оқиғалар тізбегін есте сақтауға емес, сол оқиғалардың себеп-салдарын түсіндіруге, олардың қазіргі қоғамға әсерін бағалауға бағытталған ғылым. Осы тұрғыдан алғанда тарихи деректермен жұмыс істеу әдістемесі тарихты оқытудың негізгі өзегі болып табылады.

Тарихи дерек – өткен дәуірдің шынайы куәгері. Ол белгілі бір оқиғаның, құбылыстың, тұлғаның өмір сүргенін айғақтап қана қоймай, қоғамның саяси, әлеуметтік, мәдени дамуын жан-жақты тануға мүмкіндік береді. Сондықтан тарихи деректерді дұрыс пайдалану – тарих пәнінің мазмұнын тереңдетіп, оқушылардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың басты шарты.

Бүгінгі білім беру жүйесінде оқушыларды дайын ақпаратты қабылдаушы ғана емес, деректерді талдаушы, салыстырушы, өз ой қорытындысын жасай алатын тұлға ретінде тәрбиелеу маңызды. Мұндай дағды тарихи деректермен жүйелі жұмыс жасаудың арқасында қалыптасады. Тарихи деректерді оқу процесінде тиімді қолдану оқушылардың сыни ойлауын дамытуға, тарихи оқиғаларға әртүрлі көзқараспен қарауға және өзіндік интерпретация жасауға жол ашады.

Осы мақалада тарихи деректердің түрлері мен оларды талдау әдістері, оқытудағы қолданылу жолдары және дерекпен жұмыс істеудің оқу-танымдық маңызы қарастырылады.

Негізгі бөлім

1. Тарихи деректің мәні мен түрлері

Тарихи дерек – өткен дәуір туралы мәлімет беретін кез келген жазба, заттық немесе ауызша куәлік. Деректерді дұрыс жіктеу және талдау тарихты оқытудың тиімділігін арттырады. Тарихи деректер бірнеше түрге бөлінеді:

USTAZ ENBEGI

- Жазба деректер: жылнамалар, ресми құжаттар, хаттар, әдеби шығармалар.
- Заттық деректер: археологиялық қазбалардан табылған бұйымдар, қару-жарақ, тұрмыстық заттар, сәулет ескерткіштері.
- Көркем деректер: суреттер, картиналар, иллюстрациялар.
- Ауызша деректер: халық ауыз әдебиеті, аңыздар, шежірелер, естеліктер.
- Сандық деректер: статистикалық мәліметтер, кестелер, диаграммалар.

Осы деректердің әрқайсысы оқушыларға тарихи оқиғаларды жан-жақты түсінуге жағдай жасайды. Мұғалімнің міндеті – оқушыларға деректердің мазмұнын ашып қана қоймай, оларды салыстыруға, талдауға, тарихи шындықты айқындауға үйрету.

2. Тарихи деректермен жұмыс істеудің әдістері

Тарихи деректерді тиімді пайдалану үшін арнайы әдістер қолданылады. Олардың ішіндегі ең маңыздылары:

- Салыстыру әдісі. Бір деректі басқа дерекпен салыстыру арқылы оқиғаға әртүрлі көзқарас анықталады.
- Талдау әдісі. Деректің мазмұнын бөліктерге ажыратып, негізгі идеяларын айқындау.
- Интерпретация әдісі. Оқушы деректегі ақпаратты өзінше түсіндіреді, тарихи жағдайға байланысты қорытынды жасайды.
- Сыни талдау. Деректің авторын, мақсатын, уақытын ескере отырып, ақпараттың шынайылығын анықтау.
- Жүйелеу әдісі. Әртүрлі деректерді топтастыру, хронологияға орналастыру.

Бұл әдістерді қолдану барысында оқушылар дерекке пассив қабылдаушы ретінде емес, зерттеуші көзқараспен қарайды.

3. Тарих сабағында дерекпен жұмыс жасаудың педагогикалық маңызы

Деректерді сабақ барысында пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады. Олар оқиғаны жаттап қана қоймай, оны түсінуге, сұрақтар қоюға, өз ойын дәлелдеуге үйренеді. Бұл оқытудағы бірнеше маңызды нәтиже береді:

- тарихи оқиғалардың себеп-салдарын түсіну;
- уақыт пен кеңістік аясында ойлау қабілетін дамыту;
- деректер арқылы ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрді тану;
- отансүйгіштік сезімін қалыптастыру.

Мысалы, қазақ хандығы дәуіріне қатысты жазба деректермен қатар археологиялық заттық деректерді қолдану оқушылардың тарихи елестету қабілетін күшейтеді.

4. Тарихи деректерді қолданудағы практикалық тәсілдер

Мұғалімдер үшін деректерді тиімді қолданудың бірқатар әдістемелік жолдары бар:

- Бақылау сұрақтары. Дерекпен танысқаннан кейін оқушыларға бағытталған сұрақтар қою.
- Топтық талдау. Бір деректі әр топ өздігінше талдап, кейін қорытындысын ортаға салу.
- Дерек негізінде эссе жазу. Оқушы деректі оқып, өзінің көзқарасын білдіреді.
- Кесте, схема құру. Деректен алынған мәліметті жүйелеп көрсету.
- Рөлдік ойындар. Дерекке байланысты тарихи кейіпкердің рөліне еніп, пікір айту.

Осындай практикалық тәсілдер оқушылардың тарихи дерекпен жұмысын жандандырады және сабақтың тиімділігін арттырады.

5. Дерекпен жұмыс істеудің оқу-танымдық құндылығы

Тарихи дерек – тек ақпарат көзі емес, ол оқушылардың сыни ойлауын дамытатын, тарихи санасын қалыптастыратын құрал. Дерекпен жұмыс істей отырып, оқушы:

- ақпаратты іздеуді және сұрыптауды үйренеді;

USTAZ ENBEGI

- тарихи оқиғаларға өзіндік баға береді;
- өткен мен бүгін арасындағы сабақтастықты түсінеді;
- зерттеу дағдыларын меңгереді.

Бұл дағдылар тек тарих сабағында ғана емес, жалпы өмірлік тәжірибеде де маңызды.

Қорытынды

Тарихи деректермен жұмыс істеу – оқыту процесінің ең маңызды құрамдас бөлігі. Ол тек білім берудің құралы ғана емес, оқушылардың зерттеушілік қабілетін, сыни ойлауын және тарихи санасын дамытудың пәрменді әдісі болып табылады. Деректерді тиімді пайдалану арқылы оқушылар тарихи оқиғаларды жаттап қана қоймай, олардың себеп-салдарын саралап, қоғамдағы құбылыстардың өзара байланысын түсінуге мүмкіндік алады.

Тарихи деректерді талдау, салыстыру, интерпретациялау әдістерін қолдану – оқушыны дербес ойлауға жетелеп, өткен мен бүгін арасындағы сабақтастықты тануға үйретеді. Сонымен қатар, ұлттық мәдениетті, дәстүрді, тарихи құндылықтарды танып-білуде деректердің атқаратын рөлі ерекше. Дерекпен жұмыс жасау барысында оқушылар тек тарихи білім ғана емес, өмірлік дағдылар – ақпаратты іздеу, жүйелеу, талдау, бағалау қабілеттерін меңгереді.

Осылайша, тарихи деректермен жұмыс істеудің әдістемелік негіздері – тарих пәнін оқытудың ғылыми, танымдық және тәрбиелік мәнін арттыратын негізгі тетік. Мұғалімнің басты міндеті – тарихи деректерді сабақ мазмұнына орынды енгізіп, оларды оқушылардың белсенді ойлау және талдау әрекетіне бағыттау. Сонда ғана тарихи білім беру үдерісі терең әрі нәтижелі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдікәкімов, Т. Тарихи деректану және тарихнама. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
2. Әбдіғалиева, Г. Тарихты оқыту әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2018.
3. Жұмағұлова, Г. Қазақстан тарихын оқытуда деректерді пайдалану әдістері. – Алматы: Білім, 2020.
4. Қозыбаев, М.Қ. Қазақстан тарихы: жаңа көзқарас. – Алматы: Санат, 1994.
5. Тілешова, С. Тарих пәнін оқытудың заманауи технологиялары. – Алматы: Өлке, 2021.



Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Балаби ауылы
№50 Абай атындағы орта мектеп
Математика пәні мұғалімі
Алтаева Айнагуль Дайрабаевна

**«XXI ғасырдың жас математигі» атты интеллектуалдық ойын.
(8 сынып оқушылары арасында)**

Мақсаты: «Қазақстан 51 – ші Халықаралық Олимпиаданы қарсы алуда» атты аудандық Олимпиадаға оқушы дайындай отырып, математикалық ой-өрісін дамыту, білімді, дарынды, озық болуға тәрбиелеу.

Армысыздар құрметті ұстаздар мен оқушылар және ойынға қатысушы сайыскерлер! «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін, ең алдымен, азаттық пен білім қажет» деп Шоқан Уәлиханов, «Ғылым майданының қатардағы жауынгері тек үнемі оқу, іздену, талпыну, тану, өмір мектебінен өту арқылы ғана оның ірі қайраткері дәрежесіне дейін көтеріледі» деп Қ. Сәтбаев айтып кеткендей, еліміздің болашағы тек қана білімді жастар екені даусыз.

Олай болса, 8 сынып оқушылары арасында өткізгелі отырған «XXI ғасырдың жас математигі» атты интеллектуалдық сайысымызды бастаймыз.

Ғылымдардың патшасы атанғансың

Евклид, Фалес, Пифагордан бата алғансың.

Төзбейтін өтірікке, жалғандыққа

Жасықтан емессің сен, қаталдансың

«Ақыл ойды тәртіпке» келтіретін

Нағыз пән – математика атанғансың! – дей келе ортаға **«XXI ғасырдың жас математигі»** ойынына қатысушыларды шақырамыз.

Ұпай есептеу үшін әділқазы мүшелерін сайлау.

Алдымен қатысушы оқушыларды таныстыру.

Сайыс 5 бөлімнен тұрады.

I бөлім – «Бәйге»

II бөлім – «Тіл - өнер»

III бөлім – «Дода»

IV бөлім – «Тапқырлық»

V бөлім – «Жорға»

Мәңгі бақи есте қалар,

Қызықты бір жиын болсын.

Білімдірек шәкірт озар

Сұрақтары қиын болсын – дей отырып, ойынымыздың **«Бәйге»** деп аталатын I бөлімін бастаймыз.

I бөлім «Бәйге». Бұл бөлімде ойыншыларға сұрақтар қойылады. Жауап нақты, тез болу керек. Қай оқушы қолындағы карточкасын бірінші көтереді, сол ойыншы жауап береді. Әр дұрыс жауапқа 10 ұпай беріледі.

Сұрақтар:

USTAZ ENBEGI

1. Геометрия сөзі грекшеден аударғанда қандай ұғымды білдіреді? (жер өлшеу)
2. Алгебра сөзі қандай сөзден шыққан? («Әл – жебр деген араб сөзі»)
3. Параллелепипедтің неше қыры, неше жағы бар?(12 қыры, 6 жағы)
4. Үшбұрыштың төбесі мен қарсы жатқан қабырғасының ортасын қосатын кесінді.(медиана)
5. Шеңбердің ең үлкен хордасы (диаметр)
6. Қай сан барлық санға қалдықсыз бөлінеді? (0)
7. 2 ғасырда неше жыл бар? (200)
8. Бір нүктеден шығып, екі сәуледен құралатын геометриялық фигура. (бұрыш)
9. Кез – келген екі нүкте арқылы нені жүргізуге болады. (түзу)
- 10.Қандай түзулердің ортақ нүктесі жоқ. (параллель)
- 11.Бұрышты өлшейтін құрал. (транспортир)
- 12.Кез-келген барлық санға қалдықсыз бөлінетін сан? (1)
- 13.Тік бұрыш неше градусқа тең? (90 градус)
- 14.Екі нүкте арқылы неше түзу жүргізуге болады? (1)
- 15.Қандай өрнекті әріпті өрнек деп атайды?(құрамында әрпі бар өрнекті әріпті өрнек деп атайды)
- 16.Координаталық жазықтықта неше ширек бар? (4)
- 17.Геометриялық жазықтықтағы денені зерттейтін бөлімі. (планиметрия)
- 18.Үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы (180 градус)

II бөлім «Тіл - өнер».

Білім деген биік шын,

Бақытқа сені жеткізеді.

Білім деген ақылшын,

Қиындықтан өткізер – дей келе, «Тіл - өнер» деп аталатын II бөлімде жұмбақ, мақал – мәтел не өлең жолдарынан айтылмай қалған сөзді тауып, орысшаға, ағылшынға аударасыздар. Бір тілде жауап берсе 10 ұпай, екі тілде жауап берсе 20 ұпай, үш тілде жауап берсе 30 ұпай.

1. Жоқ өзінде бас та, қас та, мойын да,
2. Ұзындығы жазулы тұр бойында. (сызғыш, линейка, a ruler)
3. Түйеқұс таразыда бір аяғымен тұрғанда 12 кг. Тартады. Ал егер екі аяғымен тұрса, қанша тартады? (он екі, двенадцать, twelve)
4. Өзі сөйлей білмейді, салған ізі сөйлейді.(қалам, ручка, pen)
5. Ел құлағы нешеу? (елу, пятьдесят, Fifty)
6. Отыз тістен шыққан сөз – неше рулы елге тарайды? (отыз, тридцать, sooty)
7. Қабат-қабат қаттама, ақылың болса аттама (кітап, книга, book)

III бөлім. «Дода»

«Ең қиыны жарыстың «Дода» келді,

Мықтылары қалыпты жеңсін енді.

Тез жауап бер ойланып тұрып қалмай

Осы ойыннан көреміз ерен ерді» - дей келе, сайысымыздың бөлімі «Дода» бөліміне келіп жеттік. Енді «Дода» бөлімінде білімдеріңізді ортаға салуға мүмкіндіктеріңіз бар. Бұл бөлімде 4 тақырып беріледі. Әрбір оқушы көрсетілген ұпайлар бойынша 1 тақырып тандайды. Дұрыс жауап берсе, сол ұпай қосылады.

USTAZ ENBEGI

1	Қазақтың байырғы есептері	20	30	40	50
2	«Ақбота» есептері	20	30	40	50
3	«Кенгуру» есептері	20	30	40	50
4	Викториналық сұрақтар	20	30	40	50

Қазақтың байырғы есептері:

20-ұпай. Түйеқұс екі аяғымен тұрғанда бір пұт тартса, бір аяғымен тұрғанда қанша тартады? – деп атасы немересіне қарады. (бір пұт)

30-ұпай. Он-оннан асығы бар үш бала өзара асық ойнады. Ойыннан соң біріншісі екіншісіне қарап: қанша асық ұттық – дейді ол. Онша көп ұтқыза қоймаппын, сегіз асығым қалыпты, - деді.

- Онда сендегі барлық асық менің ұтып алған асығымға тең екен, - дейді үшінші бала асықтарын түгендеп тұрып,
- Ең көп асықтан ұтылған мен болдым, - дейді мұнайып бірінші бала. Ойыннан кейін кімде, неше асық? (1 бала-4, 2 бала – 18, 3 бала - 8)

40-ұпай. Ұлу биіктігі 10м ағаштың басына шығуы керек. Ол күндіз 4 м. Жоғары көтеріледі, түнде 3 м. Төмен түседі. Неше күнде ұлу ағаштың басына шығады? (7 күнде)

50-ұпай. Сықырлаған арба үстінде келе жатқан екі жолаушының біреуі жолдың жартысын өткенде жолдың жолдың жартысы қалғанша ұйықтайды. Жолаушы жолдың қанша бөлігін ұйықтайды? ($\frac{1}{4}$)

3.«Ақбота» есептері:

20-ұпай. Үш бала 17 бауырсақ жеді. Ең көп жегені Тимур. Аз дегенде Тимур неше бауырсақ жеген?

А) 5 б) 9 с) 7 д) 8

30-ұпай. Оқушы кітаптың 0,3 бөлігін, кейін тағы да 0,1 бөлігін оқығандағы көлемі жарты кітаптан 18 бетке кем болып шықты. Кітапта неше бет болған?

А) 210 б) 200 с) 190 д) 180

40-ұпай. Үшбұрыштың екі қабырғасының ұзындықтары 5 және 1, үшінші қабырғасы натурал санмен өрнектелсе қандай болады?

А) 4 б) 5 с) 6 д) 3

50-ұпай. Месопотамияда біздің эрамызға дейінгі 2005 жылда бір саны- α , он саны – β , ал алпыс саны - ϵ таңбаларымен белгіленетін. Мысалы, 22 саны $\beta \beta \alpha \alpha$ түрінде жазылатын. Сонда 124 саны қалай жазылады?

А) $\beta \epsilon \epsilon \alpha \alpha \alpha \alpha$ б) $\epsilon \epsilon \beta \beta \alpha \alpha \alpha \alpha$ с) $\epsilon \beta \beta \alpha \alpha \alpha \alpha$ д) $\epsilon \epsilon \alpha \alpha \alpha \alpha$

«Кенгуру» есептері:

20-ұпай. Қояндар жанұясының үш мүшесі барлығы 73 сәбізді жеп қойған. Әкесі шешесіне қарағанда 5 сәбізді артық жеген. Ал баласы Банни 12 сәбіз жеген, шешесі неше сәбіз жеген?

А) 27 б) 28 с) 31 д) 33 е) 56

30-ұпай. Айдар қағаз парақты 5 рет бүктеді, сосын ол бүктеген қағазды тескен. Қағаз парақты қайта жазғанда неше тесік шығады?

А) 6 б) 10 с) 16 д) 20 е) 32

USTAZ ENBEGI

40-ұпай. Мына сандардың ең үлкені қайсысы?

А) 999 б) 99^9 с) $(9^9)^9$ д) 9^{99} е) 99^{99}

50- ұпай. Компьютерлік вирус компьютерлік дискінің қандай да бір бөлігін зақымдайтыны белгілі. Бірінші күні ол дискінің $\frac{1}{2}$ бөлігін зақымдаған, екінші күні зақымданбаған жерінің $\frac{1}{3}$ бөлігін, үшінші күні қалған бөлігінің $\frac{1}{4}$ бөлігін, ал төртінші күні қалғанының $\frac{1}{5}$. Дискінің қандай бөлігі зақымданбай қалған?

А) $\frac{1}{5}$ б) $\frac{1}{6}$ с) $\frac{1}{10}$ д) $\frac{1}{12}$ е) $\frac{1}{24}$

4. Викториналық сұрақтар:

20-ұпай. Үш түйеқұс ұшып келе жатты. Аңшы олардың бірін атып алды. Олардың қаншасы қалды?(түйеқұс ұшпайды)

30-ұпай. Тәрелкедегі 7 бауырсақтан 7 балаға бір-бірден және тәрелкеде бір бауырсақ қалатындай етіп қалай бөліп беруге болады? (бір бала тәрелкесімен алады)

40-ұпай. Ұшақ А қаласынан В қаласына дейін 1 сағ 20 минут ұшады да, сол жолмен қайтарда 80 мин. Ұшты. Себебін түсіндір. (1 сағ 20 мин=80 минут)

50-ұпай. Төрт дос бала мейрамханаға жиі барып, әрқашан бір үстелге отырады. Жалғастың әрқашан бір орынға отыра беретіні белгілі болса, достар неше түрлі тәсілмен үстелге отыра алады? (3)

Ү бөлім. «Тапқырлық»

Бұл жерге келмейді ешкім ермек үшін,

Есеп – қисап, сан – цифр термек үшін.

Көрсетіп есептердің жолын қалай,

Келдім мен оларды айтып бермек үшін-деп,

Біздің үйдегі қабырға сағаты қоңыраулы, ол әрбір жарты сағатта 1 рет, толық сағат сайын сол уақытты көрсету санына тең қоңырау соғады. Сонда ол тәулігіне неше рет қоңырау соғады?

Жауабы: $(1+2+3+4+5+6+7+8+9+10+11+12)*2+24*2=204$

Ү бөлім. «Жорға»

«Жарыс заңы ежелден,

Жеңімпазды анықтау.

Жеңімпаз болу шарты сол

Еңбектену жалықпау»- дей отырып, ойынымыздың «Жорға» Ү бөлімінде әрбір ойыншаға жеке-жеке сұрақтар қойылады, жылдам, тез жауап беруі қажет. (Әр дұрыс жауап 10 ұпай)

1. Шеңбер бойындағы кез – келген нүктені центрмен қосатын кесінді.(радиус)
2. Ортақ бөлгіші 1-ге тең сан. (өзара жай сан)
3. Алымы бөлімінен үлкен бөлшек. (бұрыс бөлшек)
4. Нәрселерді санағанда қолданылатын натурал сан. (натурал сан)
5. 369 саны 3-ке бөліне ме? (иә)
6. Қабырғасы 1-ге тең квадраттың ауданы неге тең? (1)
7. Дәлелденбейтін тұжырым не деп аталады? (аксиома)
8. Бағытталған кесінді. (вектор)

USTAZ ENBEGI

9. Бір нүктеден бірдей қашықтықта жатқан нүктелер жиыны қалай аталады? (шеңбер)
 10. OX осі қалай аталады? (абсцисса)
-
1. Шеңбер бойындағы екі нүктені қосатын және центр арқылы өтетін кесінді. (диаметр)
 2. Көбейтіндісі 1-ге тең бөлшектер қандай сандар деп аталады? (өзара кері)
 3. 640 саны 5-ке бөліне ме? (иә)
 4. Алымы бөлімінен кіші бөлшек. (дұрыс бөлшек)
 5. Натурал сандар нешеден басталады? (1-ден)
 6. Дәлелденетін тұжырым не деп аталады? (теорема)
 7. Жазыңқы бұрыш шамасы нешеге тең? (180 градус)
 8. Шеңбер ұзындығының диаметрге қатынасы нешеге тең не пи-дің мәні нешеге тең? (3,14)
 9. Биссектрисалары өзара перпендикуляр болатын төртбұрыш. (шаршы, ромб)
 10. OY осі қалай аталады? (ордината)

Қиындықтан сірәда біз қашпаймыз.

Алғырлықпен тапқырлықты ұштаймыз.

Қиялдарға самғап ұшқан құстаймыз.

Шегінбейміз жеңістерге бастаймыз -дей отырып, жеңімпазды анықтау үшін әділқазы мүшелерге сөз кезегін берейік.

Көңіл бөліп бұл кешке,

Келгендерге көп рахмет.

Шын сезінген көрерменге,

Мың рахмет, мың рахмет!



**Абай облысы білім басқармасы
Семей қаласы білім бөлімінің
«№51 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Биология және химия пәндері мұғалімі.
Габдуллина Айнур Берикказыевна**

Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер

«Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер» қолданбалы курсының ерекшелігі биология ғылымының салалары бойынша модельдеу жұмыстары мен биологиялық есептерді шығаруда оқушылардың білімдерін толықтыруға мүмкіндік береді. Курс биология ғылымының жаңа жаңалықтарын білуге негізделген. Курсты оқыту кезінде оқушылардың биологиядағы базалық білімінде алған білімдері кеңінен пайдаланылады. Курс жалпы міндетті стандартқа сәйкес бағдарлама бойынша берілген моделдеу және биологиялық есептерді тереңдете шешуге бағытталған. Курс жоғары сынып оқушыларына арналады.

Мақсаты: Оқушылардың өзіндік білімдерін кеңейтіп, теориялық білімді практикада қолдануға, яғни моделдеу мен есептерді шешу жолдарын қарастыру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру

Міндеттері:

- Оқушылардың өздігінен шығармашыл ізденуге, биологиялық есептерді сауатты шеше білуге дағдыландыру;
- Пәнге қызығушылықтарын, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Оқушылардың ғылыми жаратылыс танымдық білімін және өздігінен білім алуды жалғастыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;
- Оқушылардың өз бетінше жұмыс істей білу дағдыларын кеңейту;
- Модельдеу жұмыстары арқылы теориялық білімді практикамен ұштастырып отыру.

Өзектілігі: Курс бағдарламасы мемлекеттік білім стандартына негізделіп, биология пәнінің жаңартылған оқу бағдарламаларын басшылыққа ала отырып жазылды. Бағдарлама негізінде биология пәнінен 9-11 сыныптардағы кейбір тақырыптарда берілген модельдеу тапсырмалары мен есептерге аз уақыт берілгендіктен, осы тақырыптарда алған теориялық білімдерін практикалық сабақтар, іздестіру жұмыстары нәтижесінде алынған ақпаратты талдау, бақылау, есептер шығару сияқты оқушылардың қызметін ұйымдастырудың әр түрлі әдістері мен түрлерін пайдалану көзделеді.

Күтілетін нәтиже:

Бағдарлама нәтижесінде оқушы өздігінен шығармашыл ізденуге, есептерді сауатты шешуге дағдыланады.

Әр түрлі әдістерді қолдана отырып, модельдердің түрлерін пайдалана алады

Қосымша ақпарат көздерінен алған мәліметтерді талдап, қорытынды жасай алады.

Бағдарлама 11 сынып оқушыларына арналған, аптасына 1 рет . Барлығы 34 сағат.

Бағдарламада 4 бөлім қастырылады:

Бөлім: Молекулалық биология және биохимия - 5 сағат

Бөлім: Заттардың тасымалдануы – 4 сағат

3 - Бөлім: Тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары – 13 сағат

4 - Бөлім: Биосфера, экология, популяция – 7 сағат

«Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер» қолданбалы курсының ерекшелігі биология ғылымының салалары бойынша модельдеу жұмыстары мен биологиялық есептерді шығаруда оқушылардың білімдерін толықтыруға мүмкіндік беретіндіктен, оқушылардың білімін бағалауда қалыптастырушы және жиынтық бағалаулар жүргізіледі.

Қалыптастырушы бағалауда балл немесе баға қойылмайды. Мұғалім мен оқушы арасында үздіксіз кері байланыс жүреді. Оқушының қате жіберуге, қатемен жұмыс жүргізіп, түзетулер жасауға мүмкіндіктері болады. Бұл оқушының тақырыпты меңгергендігін туралы және қандай қиындықтар бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Оқушыларды ынталандыру мақсатында «Жарайсың!», «Өз ойыңды еркін жекізе алдың!», «Нақты дәлелдер келтіре алдың!», «Бүгінгі пікірің ұтымды болды!», «Әлі де өз ойыңды жеткізе аласың!», «Ұтымды қорытынды!» деген мадақтаулар айта отырып, жіберген қателіктеріне де ескертулер жасау керек.

Қалыптастырушы бағалау кезінде өзара және топтық бағалауда төменгі әдістер қолданылады: «Бағдаршам», «Бір минуттық эссе», «Қол сигналы», «Екі жұлдыз, бір тілек».

Мұғалім оқушылардың жазба жұмыстарын тексергеннен кейін, балл немесе баға қоймайды, әр түрлі қалыптағы сурет пен бояуларды пайдаланады және жұмысқа түсініктеме (коментарий) жазады.

Бағдарламада оқушылардың білімдерін жүйелеу (қорытындылау) мақсатында 4 сабақ жиынтық бағалау тапсырмаларына бөлініп отыр. Жиынтық бағалау тапсырмалары ашық және жабық, қысқа және толық жауапты қажет ететін тест сұрақтары негізінде жүргізіледі

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ж. Шілдебаев, Ж. Қожантаева, Л. Аманжолова Биология Алматы «Мектеп» 2013
2. Е.А.Очкур, Ж.Ж.Құрманғалиева, М.А. Нуртаева Биология (Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану математика бағытындағы 10 - сыныбына арналған оқулық) Алматы «Мектеп» 2019
3. Н.Т.Абылайханова, А.Қалдыбаева, А. Пәрімбекова Биология Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану математика бағытындағы 11 - сыныбына арналған оқулық) Алматы «Мектеп» 2019

https://textbook.tou.edu.kz/books/142/5_2.html Биологиялық практикум



Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы
"Абай атындағы орта-мектеп гимназия" КММ
Бастауыш сынып мұғалімі
Халмуратова Жаркынай Арынгаизиевна

Тіл дамытуда ойын элементтерін қолданудың педагогикалық маңызы

Аңдатпа:

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытуда ойын элементтерін қолданудың педагогикалық маңызы қарастырылады. Ойын арқылы балалардың сөйлеу дағдыларын жетілдіру, сөздік қорын байыту, қызығушылығын арттыру мен шығармашылық қабілетін дамыту жолдары талданған. Сонымен қатар мұғалімнің ойын түрлерін тиімді таңдауы мен сабақта қолдану әдістеріне назар аударылады. Тіл дамыту үдерісіндегі ойынның рөлі тәжірибеге сүйене отырып негізделген.

Кілт сөздер:

тіл дамыту, бастауыш сынып, ойын элементтері, педагогикалық әдіс, сөйлеу дағдысы, оқыту процесі, оқушы белсенділігі

Бастауыш сынып кезеңі – баланың танымдық, сөйлеу және коммуникативтік дағдыларының қарқынды дамитын шағы. Осы кезеңде оқушының тілін дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру мен сөздік қорын молайту – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Бұл мақсатқа жетуде ойын элементтерін тиімді пайдалану оқыту процесінің сапасын арттыруда ерекше рөл атқарады. Ойын – тек уақыт өткізу құралы емес, сонымен қатар баланың шығармашылық қабілетін ұштайтын, белсенділігін арттыратын және жаңа білімді игеруге көмектесетін маңызды педагогикалық тәсіл.

Ойын арқылы оқыту әдістері бастауыш сынып оқушылары үшін өте ыңғайлы, себебі бұл жастағы балалардың ойыны мен оқуы бір-бірімен тығыз байланысты. Олар үшін ойын – өмірдің бір бөлігі, ал оның көмегімен тілдік қатынасқа түсу табиғи ортада жүргендей жеңіл әрі қызықты болады. Тілдік дағдыларды қалыптастыруда қолданылатын ойындар баланың өз ойын еркін жеткізуіне, нақты әрі сауатты сөйлеуіне, түрлі ситуацияларда тілдік қарым-қатынас жасауға бейімделуіне ықпал етеді. Сонымен қатар ойын арқылы оқушының бойында сенімділік, белсенділік және жауапкершілік қасиеттері де қалыптасады.

Сабақ барысында түрлі ойын түрлерін қолдану – мұғалім мен оқушы арасындағы байланысты нығайтады, оқу үрдісіне деген қызығушылықты оятады және балалардың назарын шоғырландыруға септігін тигізеді. Әсіресе, тіл дамыту мақсатында ұйымдастырылатын сөздік, рөлдік, дидактикалық ойындар баланың сөйлеу дағдыларын жетілдіруде маңызды орын алады. Мысалы, «Сөзді жалғастыр», «Кім көп сөз айтады?», «Жасырын сөз», «Кім тез табады?» сынды ойындар арқылы оқушы жаңа сөздерді меңгереді, сөйлем құру қабілеті артады және байланыстырып сөйлеу шеберлігі дамиды.

USTAZ ENBEGI

Тіл дамытудағы ойын әрекеттері оқушының қызығушылығы мен ішкі уәжін арттырып, белсенділігін оятады. Сонымен қатар баланың ойлау, есте сақтау, қиялдау қабілеттері де жетіледі. Ойын барысында оқушылар өзара қарым-қатынасқа түсіп, тілдік бірліктерді дұрыс қолдануға тырысады. Бұл үдеріс барысында баланың сөйлеу мәдениеті қалыптасады, сөздерді дұрыс қолдану дағдысы дамиды. Топпен немесе жұппен жұмыс істеуге негізделген ойындар балалардың бір-бірін тыңдауына, өз пікірін дәлелдеуге, пікір алмасуға үйретеді. Ойындарды таңдау барысында мұғалім олардың жас ерекшеліктеріне, психологиялық және физиологиялық даму деңгейіне, білім деңгейіне сәйкестігін ескеруі қажет. Сонымен қатар ойынның мақсаты мен мазмұны тіл дамытуға бағытталған болуы маңызды. Мысалы, жаңа сөздерді бекітуге, сөйлем құрауға, мәтін мазмұнын әңгімелеуге, сөз мағынасын түсіндіруге арналған ойындар тілдік қорды байытуға ықпал етеді. Ал дидактикалық ойындардың негізінде оқушылар белгілі бір тапсырманы орындау арқылы өзара бәсекеге түседі, бұл олардың зейінін, шапшаңдығын, логикалық ойлау қабілетін дамытады.

Ойын элементтерін қолдану сабақ құрылымын жандандырады, оқушының шаршауын басады және сабақты қызықты етеді. Сонымен қатар ойын арқылы берілетін тапсырмалар балаларды ойлануға, шешім қабылдауға, шығармашылықпен жұмыс істеуге жетелейді. Әсіресе, көрнекілікпен ұштастырылған ойындар тілдік дағдыны оңай әрі тез меңгеруге жол ашады. Мысалы, сурет арқылы әңгіме құрау, белгілі бір тақырып бойынша сөз тіркестері мен сөйлемдер құрау, берілген сөздерден оқиға желісін құру сияқты тапсырмалар оқушының ойлауын дамытып, тіл байлығын арттырады. Бастауыш сынып оқушылары үшін сабақтың әр кезеңінде ойын элементтерін кіріктіру олардың оқу белсенділігін арттырып қана қоймай, пәнге деген қызығушылығын қалыптастырады. Ойын арқылы оқушы өз ойын толық жеткізе алуға машықтанып, еркін сөйлеуге үйренеді. Бұл оның болашақтағы тілдік қатынаста, қоғамдық ортада өзін сенімді ұстауына сеп болады. Сонымен қатар ойын арқылы өткен тақырыптарды қайталау мен бекіту де тиімді әрі өнімді болмақ. Мұғалім үшін бұл тәсіл балалардың білім деңгейін бақылауға, олардың сөйлеу барысында кеткен қателіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Жалпы тіл дамытуда ойын элементтерін қолдану бастауыш сыныптағы оқу-тәрбие үдерісінің ажырамас бөлігіне айналуы тиіс. Себебі ойын – баланың табиғи қажеттілігі мен қызығушылығын қанағаттандыратын, сонымен бірге тілдік дамуына жол ашатын таптырмас құрал. Ойын арқылы баланың сөйлеу мәдениеті, тілдік қор мен ой-өрісі кеңейіп, толыққанды тұлға ретінде дамуына негіз қаланады. Сондықтан да мұғалімдер үшін ойын – жай ғана әдіс емес, білім берудегі нәтижелі әрі шығармашылық құрал болып табылады.



Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы
"Мирас" бөбекжай бақшасы
Тәрбиеші
Ташкараева Айгуль Бериковна

Педагогикалық шығармашылық пен жасанды интеллекттің үйлесімі – заманауи тәрбиеші бейнесі

Аңдатпа:

Мақалада педагогикалық шығармашылық пен жасанды интеллекттің өзара байланысы қарастырылады. Заманауи тәрбиешінің жаңа рөлі, технология мен шығармашылықты тиімді ұштастыру жолдары талданған. Бүгінгі тәрбиешінің цифрлық сауаттылығы мен адамгершілік құндылықтарды сақтауы басты назарда.

Кілт сөздер:

тәрбиеші, шығармашылық, жасанды интеллект, технология, балабақша, цифрлық білім, заманауи педагог

Қазіргі қоғамдағы қарқынды технологиялық даму адамзаттың өмір сүру салты мен кәсіби әрекет ету тәсілдеріне елеулі өзгерістер енгізуде. Білім беру саласында да бұл үрдістер айқын байқалады. Әсіресе мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қызмет ететін тәрбиеші мамандығы жаңа талаптарға сай бейімделуді қажет етеді. Заманауи тәрбиеші бейнесі тек дәстүрлі оқыту әдістерін меңгерумен шектелмей, педагогикалық шығармашылықты заманауи цифрлық құралдармен ұштастыра білетін, баланың дамуында жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді қолдана алатын маман ретінде қалыптасуы тиіс.

Педагогикалық шығармашылық – тәрбиешінің балалармен жұмыс істеуде тың идеялар ойлап табуы, оқыту мен тәрбиелеу әдістерін түрлендіруі, әр баланың даралығын ескере отырып, олардың қабілеттерін ашуға бағытталған кәсіби шеберлігінің көрінісі. Ал жасанды интеллект – бұл адамның ойлау қабілеттерін модельдейтін, ақпаратты талдайтын және шешім қабылдай алатын интеллектуалды жүйе. Екі түрлі табиғаты бар бұл компоненттердің бірлігі тәрбие ісінің жаңа деңгейге көтерілуіне жол ашады. Бүгінде жасанды интеллект құралдары тек техникалық салада ғана емес, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде де қолданылуда. Мысалы, баланың сөйлеу дағдысын анықтайтын және оны дамытатын қосымшалар, оқыту ойындары, дыбыстық тану жүйелері, эмоциялық күйді бағалайтын құрылғылар – барлығы тәрбиешінің жұмысын оңтайландырып, баланың даму үдерісін жекелей бақылауға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар тәрбиешінің орнын баспайды, керісінше оның шығармашылығын дамытуға, баламен жұмыста уақытты тиімді пайдалануға сеп болады.




Жасанды интеллектті педагогикалық үдеріске енгізу тәрбиешіге қосымша деректерді саралап, әр баланың даму траекториясын анықтауға көмектеседі. Бұл тәрбиешінің интуитивті байқауларымен қатар ғылыми негізделген шешімдер қабылдауына ықпал етеді. Баланың мінез-құлқындағы өзгерістер, қызығушылықтарының ауысуы немесе дамуындағы ерекше тұстарды жасанды интеллект арқылы уақытылы анықтап, шығармашылық тұрғыда сол мәселелерге шешім ұсыну – заманауи тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігін айғақтайды. Сонымен қатар шығармашылық көзқарас пен цифрлық сауаттылықтың үйлесімі тәрбиешіге баланы шабыттандыратын, ынталандыратын, белсенді әрекетке тартатын ерекше орта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, интерактивті тақта, виртуалды экскурсиялар, квест ойындар мен цифрлық ертегілер сияқты заманауи құралдарды пайдаланғанда, тәрбиеші баланың зейінін арттыра алады. Бұл жағдайда тәрбиеші тек орындаушы емес, баланың тұлғалық дамуына ықпал ететін, жасанды интеллектті құрал ретінде қолдана білетін жетекші тұлғаға айналады. Әрине, кез келген технологиялық шешім адамзаттық қарым-қатынасты алмастыра алмайды. Балаға эмоционалдық қолдау көрсету, психологиялық қауіпсіздік қалыптастыру және мейірімділік таныту – бұл тек тәрбиешінің бойында болатын адами қасиеттер. Сондықтан да тәрбиеші мамандығының мәні – осы адами қасиеттерді сақтай отырып, технологиялық мүмкіндіктерді тиімді пайдалана білуінде. Жасанды интеллект тәрбиешінің орнына емес, оның жанында жүруі қажет, ал негізгі рөл әрдайым адамда қалуы тиіс.


Заманауи тәрбиеші болу – бұл өзгерістерге бейім болу, цифрлық құралдарды меңгеру, сонымен қатар креативті ойлау мен рухани байлықты ұштастыра білу. Қазіргі заман балалары ақпараттық ортада өсіп келеді, сондықтан оларды тәрбиелеуде дәстүрлі әдістермен қатар инновациялық тәсілдерді де қолдану – уақыт талабы. Педагогикалық креативтілік тәрбиешінің кәсіби дамуының кепілі болса, жасанды интеллект – оның сенімді серігі.

Тәрбиеші мен технологияның өзара әрекеттестігі білім беру мазмұнын жаңғыртуға ықпал етеді. Бұл ынтымақтастықтың басты мақсаты – баланың жан-жақты дамуына жағдай жасау. Сондықтан да әрбір тәрбиеші технологиялық прогресті тек қабылдап қана қоймай, оны өзінің педагогикалық идеяларымен ұштастырып, балалардың игілігіне жарата білуі қажет. Бұл ретте тәрбиешінің кәсіби өсуі үздіксіз ізденіс пен өзара байланысты жолға қоюға негізделуі тиіс. Демек педагогикалық шығармашылық пен жасанды интеллекттің үйлесімі – заманауи тәрбиеші бейнесінің басты сипаттарының бірі. Бұл – білім беру мен тәрбиелеудің жаңа парадигмасын қалыптастыратын, адами құндылық пен технологияны тең ұстайтын, баланың болашағына бағдар беретін маман бейнесі. Тәрбиеші болу – тек кәсіп емес, бұл – шығармашылық, жаңашылдық пен адамгершілік үйлескен өмірлік жол.



Абай облысы, Семей қаласы
 «№11 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
 Ағылшын тілі пәні мұғалімі
 Жумагельдиева Кымбат Жумагельдиевна

Unit 1. Global English		School: Secondary School No. 11, Semey city, Abai region.		
Date:		Teacher's name: Zhumageldiyeva Kymbat Zhumageldiyevna		
Grade 10-11		Number present:	Number absent:	
Theme of the lesson:		Foreign languages in my life		
Learning objectives(s) that this lesson is contributing to		<p>Educational - the formation of the communicative culture of schoolchildren, the development of speech skills (monological and dialogical forms of speech), the formation of grammatical speaking skills (gerunds), the development of listening skills with various strategies;</p> <p>Developing- the development of the ability to compare and contrast, the formulation of conclusions from what has been heard and read, the development of sociability (the ability to communicate in pairs and groups), the development of cognitive interest, the involvement of students in creative activities, the development of the ability to logical presentation, to formulate conclusions;</p> <p>Educational- fostering respect for another culture, a deeper awareness of one's culture through the context of the culture of English-speaking countries, the formation of the need and ability to strive to understand the true causes of the popularity of the English language, the ability to understand someone else's point of view on the problem of the causes of its popularity, the formation of the ability to work together in a group, to reach agreement in conditions of different views, education a sense of responsibility for teamwork.</p>		
Values link		When discussing the topic of choosing a gift, the type of upbringing involves teaching children empathy, responsibility, creativity, generosity, respect, gratitude, and the ability to value both material and emotional aspects of relationships.		
Planned timings	Teacher's activities	Student's activities	Assessment	Resources
Начало 10 мин	 <p>Teacher, good morning! How are you? How are you? T -I'm sure you're full of energy and ready to work hard. microaudition- video "Learning English pronunciation"</p>	<p>Student 1 - Okay, thank you. The 2nd one is fine.....</p> <p>Y1 - Learning English as a second language. Y2 - Learning difficulties. Y3 - Possible learning Strategies Y1-Why do people learn foreign languages? Y2-What is the most popular language in the world?</p>	<p>Formative assessment is held through observation/monitoring.</p> 	 <p>Whiteboard</p>

	<p>You see how hard the teacher's work is!! So, what are we going to talk about today? Did you guess the theme? Y- You're right. What issues would you like to discuss today? Let's focus our attention on three main issues.</p>	<p>Y3-How to succeed in learning English? U 3-What makes people learn English? U 4-How to deal with problems when learning English? U 5 - Which language is most/least spoken in the world?.....</p>	<p>Formative assessment is held through observation/monitoring.</p> 																																											
<p>Основная часть 20 мин</p>	<p>Let's start working. You have sheets of paper on the desks. Listen and fill in the chart (video fragment "The Top 10 Languages of the World.</p> <table border="1" data-bbox="272 616 766 792"> <thead> <tr> <th>Языки</th> <th>Страны</th> <th>Спикеры</th> </tr> </thead> <tbody> <tr><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td><td></td></tr> </tbody> </table> <p>T- We have answered the second question of our lesson. "Which language is the most popular in the world?" Synonym: Putonghua, Modern standard Chinese (Mandarin) = Chinese Mandarin (Mandarin dialect of Chinese)-Bulletin board Teacher: Well, we mentioned some countries and languages. But learning a foreign language is not so easy. What can be done? Work in pairs and create a dialogue using a diagram. Example of a dialog: (Handout No. 2-appendix.)</p> <table border="1" data-bbox="272 1464 783 2029"> <thead> <tr> <th>Страны</th> <th>Нации</th> <th>Язык</th> </tr> </thead> <tbody> <tr><td>Brazil</td><td>Brazilian</td><td>Portuguese</td></tr> <tr><td>China</td><td>Chinese</td><td>Chinese</td></tr> <tr><td>France</td><td>French</td><td>French</td></tr> <tr><td>Germany</td><td>German</td><td>German</td></tr> <tr><td>Japan</td><td>Japanese</td><td>Japanese</td></tr> <tr><td>Poland</td><td>Polish</td><td>Polish</td></tr> <tr><td>Romania</td><td>Romanian</td><td>Romanian</td></tr> <tr><td>Spain</td><td>Spanish</td><td>Spanish</td></tr> </tbody> </table>	Языки	Страны	Спикеры													Страны	Нации	Язык	Brazil	Brazilian	Portuguese	China	Chinese	Chinese	France	French	French	Germany	German	German	Japan	Japanese	Japanese	Poland	Polish	Polish	Romania	Romanian	Romanian	Spain	Spanish	Spanish	<p>Y1 is Chinese. Mandarin (**Mandarin) = Mandarin Chinese</p> <p>Y1- Have you ever thought to study (German)... in which courses? U2- Oh, what's the question? Of course I was thinking. Have you ever been to... (Germany)? 1 - No, unfortunately, I haven't, but I'd like to visit this country. That's why I want to learn... (German) U2- OK. Why not? I think it's a reasonable decision. -</p>		
Языки	Страны	Спикеры																																												
Страны	Нации	Язык																																												
Brazil	Brazilian	Portuguese																																												
China	Chinese	Chinese																																												
France	French	French																																												
Germany	German	German																																												
Japan	Japanese	Japanese																																												
Poland	Polish	Polish																																												
Romania	Romanian	Romanian																																												
Spain	Spanish	Spanish																																												

USTAZ ENBEGI

	Italy	Italian	Italian			
	Greece	Greek	Greek			
	Korea	Korean	Korean			
Конец 10 МИН	Reflection Y1- In today's lesson, I learned about . U 2- I listened to O. U 3 - As for me, now I have received some information about O. U 4-I have received interesting information about.... Our lesson is coming to an end. You've worked hard and learned a lot of useful things. Everyone deserves good grades. But I also want you to mark your answer yourself. Mark the boxes in which you participated in the control cards.					

Дене шынықтыру сабағында қауіпсіздікті бақылау

Дене шынықтыру сабағы оқушылардың физикалық дамуын нығайту және олардың денсаулығын сақтау үшін маңызды. Алайда, бұл сабақтарда жарақат алу қаупі де бар, сондықтан дене шынықтыру сабағында қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету өте маңызды. Қауіпсіздікті бақылау сабақты қауіпсіз және тиімді өткізуді қамтамасыз ету үшін мұғалімдер мен оқушылардың барлық әрекеттерін реттейтін маңызды құрал болып табылады.

1. Қауіпсіздікті бақылаудың мақсаттары

- Жарақаттардың алдын алу: Дене шынықтыру сабағында оқушылардың жарақат алу мүмкіндігін азайту.
- Денсаулықты қорғау: Оқушылардың физикалық жағдайына байланысты денсаулықты қорғау шараларын тиімді пайдалану.
- Қауіпсіз орта қалыптастыру: Сабақ өтіп жатқан жерде жарақат алу қаупін болдырмау үшін барлық жағдайды бақылау.
- Құрал-жабдықтардың қауіпсіздігін тексеру: Спорттық құрал-жабдықтардың дұрыс жұмыс істеуін және ақаусыз болуын қамтамасыз ету.

2. Дене шынықтыру сабағында қауіпсіздікті бақылаудың негізгі бағыттары

1. Сабаққа дайындық кезеңі

- Жаттығуларға дайындық: Сабақ алдында оқушыларға дұрыс қыздыру (разминка) жаттығуларын жасау керек. Бұл бұлшықеттердің серпімділігін арттырып, дененің жарақат алу тәуекелін төмендетеді.
- Құрал-жабдықтардың тексерілуі: Спорттық жабдықтар (гимнастикалық төсеніштер, доптар, штангалар, т.б.) сабаққа дейін мұқият тексерілуі тиіс. Егер құрал-жабдықтарда ақау болса, оларды ауыстыру немесе жөндеу қажет.
- Киім мен аяқ киім: Оқушыларға спорттық киім мен аяқ киімнің қауіпсіз әрі ыңғайлы болуы маңызды. Бұл қозғалыс еркіндігін қамтамасыз етіп, жарақат алу қаупін азайтады.

2. Жаттығулар мен ойындар кезінде қауіпсіздікті бақылау

- Жаттығуларды қауіпсіз орындау: Мұғалім әр оқушының жаттығуларды дұрыс орындауын бақылап, олардың дене мүмкіндіктеріне сай жүктеме тағайындайды. Жаттығуларды кезекпен орындау қажет, әр оқушыға жеке кеңістік беріліп, бір мезгілде бірнеше адам бір жаттығуды орындауға болмайды.
- Спорттық ойындардағы бақылау: Егер сабақ командалық ойындармен өткізілсе (мысалы, футбол, баскетбол), мұғалім оқушылардың қауіпсіздігін бақылап, ойын барысында кездесетін соқтығысу, құлау сияқты жағдайларды алдын алады.
- Жарақат алған жағдайда алғашқы көмек көрсету: Сабақ кезінде жарақат алған оқушыларға алғашқы көмек көрсету дағдыларын қолдану қажет. Мұғалімдер жарақат алған оқушыға уақытында көмек көрсету үшін негізгі алғашқы көмек шараларын білуі тиіс.

3. Қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету

- Спорт алаңының жағдайы: Дене шынықтыру сабағы өтетін алаңның жағдайы өте маңызды. Оның тегістігін, тазалығын және қауіпсіздігін үнемі бақылау қажет. Алаңда немесе залда ешқандай өткір заттар, кедергілер болмауы тиіс.
- Жарық және ауа райы жағдайлары: Егер сабақ ашық алаңда өтсе, ауа райы жағдайларын бақылау қажет. Жаңбыр, қатты жел немесе ыстық ауа райында сабақты өткізбеу немесе оны басқа қауіпсіз орынға көшіру керек. Сонымен қатар, залдағы жарықтың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек.

3. Топтық жұмыс және оқушылардың қауіпсіздігі

- Топтық жаттығулардың қауіпсіздігі: Егер топтық жаттығулар ұйымдастырылса, оқушылардың бір-біріне кедергі келтірмеуіне назар аудару керек. Оқушылар арасында қашықтықты сақтау, өзара сыйластық таныту маңызды.
- Тәртіпті бақылау: Сабақ барысында оқушылардың тәртібін үнемі қадағалап отыру керек. Оқушылар бір-бірін жарақаттамай, спорттық ойындар мен жаттығуларды дұрыс орындауы үшін қажетті тәртіп пен ережелерді сақтау қажет.

4. Сабақтың соңындағы қорытынды бақылау

- Салқындату жаттығулары (заминка): Сабақтың соңында оқушыларға салқындату жаттығуларын жасау керек. Бұл бұлшықеттердің босануына және дененің қалыпқа келуіне көмектеседі, жарақат алу мүмкіндігін төмендетеді.
- Оқушылардың жағдайын тексеру: Сабақ аяқталғаннан кейін оқушылардың физикалық жағдайын тексеріп, шаршаған немесе денсаулығы нашарлаған оқушыларға көмек көрсету керек. Сабақ соңында оларды су ішуге немесе демалуға шақыру қажет.

3. Қауіпсіздікті бақылаудың тиімділігі үшін мұғалімдердің міндеттері

- Қауіпсіздік ережелерін үйрету: Мұғалім сабақ барысында оқушыларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіруі керек. Олар әрбір жаттығудың алдында қауіпсіздік шараларын нақты айтып, ережелерді сақтауға міндетті.
- Қауіпсіздік құралдарын пайдалану: Қажет болған жағдайда оқушыларды қорғау үшін арнайы қорғаныс құралдарын (қолғаптар, шлемдер, коленкалар және т.б.) қолдану маңызды.
- Жарақат алған оқушыға алғашқы көмек көрсету: Сабақ барысында жарақат алған оқушыға алғашқы көмек көрсету дағдыларына дайын болу қажет. Мұғалімдер алғашқы көмек көрсету ережелерін нақты білуі керек.

Дене шынықтыру сабағында қауіпсіздікті бақылау оқушылардың денсаулығын қорғаудың маңызды аспектісі болып табылады. Қауіпсіздік шараларын дұрыс ұйымдастыру сабақтың тиімді өтуіне, оқушылардың жарақат алуының алдын алуға және олардың физикалық дамуына оң әсерін тигізеді. Мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен әрекеті нәтижесінде дене шынықтыру сабағы қауіпсіз әрі нәтижелі болады.

Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру

Дене шынықтыру сабағы оқушылардың физикалық дамуына оң әсерін тигізіп, олардың денсаулығын нығайтуға бағытталған маңызды іс-шара. Алайда, дене шынықтырумен айналысу кезінде жарақат алу, денсаулыққа зиян келтіру ықтималдығы да бар. Сондықтан сабақ барысында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру оқушылардың денсаулығын қорғаудың негізі болып табылады. Қауіпсіздік мәдениеті

— бұл жеке және топтық қауіпсіздікке деген жауапкершілікті қалыптастыратын, оқушылар мен мұғалімдер арасында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі жұмыс.

1. Оқушыларда дене шынықтыру сабағында қауіпсіздікке деген жауапкершілікті қалыптастыру

Оқушыларда дене шынықтыру сабағында қауіпсіздікке деген жауапкершілікті қалыптастыру оқыту процесінің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл жауапкершілік оқушылардың өздерінің денсаулығын сақтау ғана емес, сонымен қатар өзара және басқалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет.

1. Қауіпсіздік ережелерін түсіндіру және үйрету

Мұғалімдер оқушыларға дене шынықтыру сабағында орындалатын әрбір жаттығудың қауіпсіздік ережелерін түсіндіруі тиіс. Жаттығуларды дұрыс орындау, құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану және топтық жұмыстар кезінде бір-біріне кедергі жасамау маңызды. Мұғалімдер оқушыларға қауіпсіздік ережелерін үнемі ескертіп, олардың дұрыс орындауын қадағалауы керек.

2. Жарақат алу жағдайларында алғашқы көмек көрсету дағдыларын үйрету

Оқушыларға алғашқы көмек көрсету дағдыларын үйрету арқылы олардың қауіпсіздікке деген жауапкершілігін арттыруға болады. Жарақат алған жағдайда оқушыға не істеу керектігін, жарақатты қалай емдеуді және жедел жәрдем шақыруды білуі маңызды. Бұл дағдылар оқушылардың өзін және бір-бірін қорғауға көмектеседі.

3. Қауіпсіздікке қатысты тұрақты түрде тексерулер жүргізу

Сабақ барысында оқушылардың дұрыс киіммен, аяқ киіммен және дене шынықтыруға дайын екендігін үнемі тексеріп отыру керек. Сонымен қатар, алаңдағы немесе спортзалдағы қауіпсіздікті бақылау қажет. Бұл оқушыларға өз қауіпсіздігіне деген жауапкершілік сезімін оятады.

2. Мұғалімдер мен оқушылар арасында қауіпсіздік мәдениетін дамыту

Мұғалімдердің қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырудағы рөлі өте маңызды. Оқушыларға қауіпсіздік мәдениетін үйрету үшін мұғалімдерге арнайы дағдылар мен білім қажет. Мұғалімдер өздері осы мәдениетті ұстанып, оны оқушыларға жеткізуі керек.

1. Қауіпсіздік мәдениетін дамытуда мұғалімдердің рөлі

Мұғалімдер сабақтың қауіпсіз өтуін қадағалап, оқушыларды қауіпсіздік ережелеріне сәйкес тәртіпке шақыруы керек. Олар оқушыларға дене шынықтыру сабағының қауіпсіз өтуі үшін қажетті барлық шараларды көрсетуі тиіс. Мұғалімдер сабақтың әр кезеңінде оқушыларға қауіпсіздікке жауапкершілікті қалай сақтауға болатынын, қандай әрекеттерді орындау керек екенін нақтылап түсіндіруі керек.

2. Қауіпсіздік ережелерін оқушылармен бірге талқылау

Оқушыларға қауіпсіздік ережелерін тек түсіндіріп қана қоймай, олардың пікірлерін тыңдап, сабақ барысында қандай ережелерді сақтау керек екендігін бірге талқылау маңызды. Бұл оқушыларды қауіпсіздікке деген жауапкершілікке тартуға және олардың өз қауіпсіздігіне бей-жай қарамауына септігін тигізеді.

3. Қауіпсіздікті бақылаудың тиімділігі мен маңызы

Мұғалім сабақ барысында қауіпсіздік ережелерін бақылап, оқушылардың жұмысын үнемі қадағалап отыруы керек. Мұғалімдер өз кезегінде қауіпсіздік

талаптарын қатаң сақтай отырып, жарақат алу ықтималдығын азайтуы тиіс. Олар оқушылардың дұрыс дене шынықтыру киімін киюін, дұрыс орындау техникасын сақтауды және қауіпсіз ортада жаттығулар жасауды үнемі қадағалауы керек.

4. Қауіпсіздік мәдениетін оқушылардың өзара әрекетінде дамыту
Оқушылардың арасында қауіпсіздік мәдениетін дамыту үшін топтық жұмыстарды ұйымдастыру маңызды. Мұғалімдер әр оқушының бір-біріне көмек көрсетуін және бір-бірінің қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауын қадағалауы керек. Сонымен қатар, оқушылар арасында ұжымдық жауапкершілікті қалыптастыру үшін топтық ойындар мен жаттығулар өткізілген кезде бір-біріне қамқор болу, бір-бірінің қауіпсіздігіне назар аудару қажеттілігі айтылуы тиіс.

3. Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру бойынша ұсыныстар

1. Қауіпсіздік ережелерін күнделікті бақылау
Сабақ сайын қауіпсіздік ережелері мен олардың орындалуы тексеріліп, сабақтың соңында оқушылармен қорытындыланып отыруы керек. Мұғалімдер әрбір сабақтың басында қауіпсіздік ережелерін еске салып, оқушыларды оларға жауапкершілікпен қарауға үйретуі тиіс.
2. Жарақат алған жағдайда алғашқы көмек көрсету курстарын ұйымдастыру
Мұғалімдер мен оқушылар үшін алғашқы көмек көрсету курстарын ұйымдастыру, оқушылардың жарақат алу жағдайында жылдам әрі дұрыс әрекет етуіне мүмкіндік береді. Бұл курс оқушылардың қауіпсіздікке деген жауапкершілігін арттырады және мұғалімдер мен оқушылардың өзара қауіпсіздік мәдениетінің қалыптасуына үлкен әсер етеді.
3. Қауіпсіздік мәдениетін мектеп саясатына енгізу
Мектептерде дене шынықтыру сабақтарына қауіпсіздік мәдениетін енгізу және оны жүйелі түрде бақылау, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін маңызды. Мектеп деңгейінде қауіпсіздік шараларын жоспарлау және оны барлық мектеп мүшелерімен талқылау өте маңызды.

Дене шынықтыру сабағында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру — оқушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті басты қадамдардың бірі. Мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен жұмысы мен дұрыс тәртіп сақтауы, сондай-ақ қауіпсіздік ережелерін дұрыс түсіну және сақтау арқылы оқушылардың жарақат алуын алдын алуға болады. Қауіпсіздік мәдениеті қалыптасқан ортада оқушылар тек физикалық емес, сондай-ақ психологиялық тұрғыдан да дамып, қауіпсіз әрі нәтижелі білім алады.

Ұлттық бірыңғай тестілеудің маңызы

Ұлттық бірыңғай тестілеу – қазіргі білім беру жүйесінің басты нәтижесін көрсететін маңызды емтихан. Әсіресе математика пәнінен жоғары балл жинау оқушылардың логикалық ойлау қабілетіне, есепті дұрыс талдап, тиімді тәсілмен шығара білуіне тікелей байланысты.

Қазіргі білім беру жүйесінде Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – мектеп бітірушілердің білім деңгейін объективті бағалайтын негізгі құрал. Математика пәнінен жақсы нәтиже алу тек теориялық білімді меңгеруге ғана емес, сонымен қатар логикалық ойлау, есептерді дұрыс талдау, алгоритмдік тәсілмен шешу, сонымен бірге уақытты тиімді басқару дағдыларына байланысты.

ҰБТ форматы оқушылардан тек білімді есте сақтауды емес, алынған білімді нақты есептерге, практикалық және өмірлік жағдайларға қолдана білу қабілетін талап етеді. Сондықтан жүйелі дайындық – бұл материалды кезең-кезеңімен меңгеру, теорияны бекіту, есептерді шығару және тест тапсырмаларында білімді тиімді пайдалану процесі болып табылады.

10–11 сынып оқушылары үшін жүйелі дайындық әсіресе маңызды, себебі ҰБТ нәтижесі олардың жоғары оқу орындарына түсу мүмкіндігін анықтайды. Сонымен қатар, математика пәні логикалық ойлауды, дәл есептеу қабілетін, аналитикалық талдау дағдыларын дамытуға бағытталған, бұл қазіргі заманғы білім стандартының негізгі талаптарына сәйкес келеді. ҰБТ математикасына дайындық кезінде уақытты дұрыс басқару – жоғары нәтиже көрсету үшін шешуші факторлардың бірі. Оқушы уақытты тиімді пайдаланбаса, есептердің кейбірін шығара алмай, нәтижеден қағылады. Сондықтан дайындық барысында уақытты басқару дағдыларын дамыту маңызды.

Қорыта келе, Ұлттық бірыңғай тестілеу – бұл түлектің өміріндегі шешуші кезеңдердің бірі. Ол тек қана білімді тексеріп қана қоймайды, сонымен қатар адамның табандылығын, еңбексүйгіштігін, жүйелі жұмысын, өз-өзіне сенімін бағалайды. Әрбір оқушы үшін бұл емтихан – мектептен кейінгі жаңа өмірге бастайтын алғашқы баспалдақ.

Менің тілегім: әрбір оқушы өз еңбегінің жемісін көріп, ҰБТ-дан жоғары ұпай жинап, қалаған мамандығына түссін. Бірақ ең бастысы – олар өз еңбегінің арқасында өмір бойына қажет болатын дағдыны қалыптастырсын.

ҰБТ – жолдың соңы емес, керісінше үлкен өмірдің бастамасы.

USTAZ ENBEGI

Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы

ЖББ Шахта мектебі



Ағылшын тілі мұғалімі

Жетекова Арай

Unit: Holidays and Travel	School:	
Date:	Teacher name: Zhetekova Aray	
Grade: 6	Number present: 13	absent:
Lesson title	Weather conditions	
Learning objectives	6.1.6.1 organise and present information clearly to others 6.2.5.1 understand most specific information and detail of supported, extended talk on a range general and curricular topics; 6.3.7.1 use appropriate subject-specific vocabulary and syntax to talk about a limited range of general topics, and some curricular topics	
Lesson objectives	Students will be able to: - Identify specific information in the text about Weather conditions - identify detail of the text Weather conditions - share opinions effectively about weather	

Stages / Time	Teacher's actions	Student's actions	Assessment	Resources
Beginning 2 minutes	<i>Organization moment:</i> 1. Greeting. Good afternoon! How are you?	Students respond to greeting	<i>Verbal evaluation</i> <i>Good job!</i>	
Lead-in 2 minutes	<i>Teacher gives cards with the poem to each student and asks</i> What can you see in the street? What can you see in the sky? What can you see on the rails?	Students listen to the poem and answer the question		Appendix 1 https://www.youtube.com/watch?v=2Xq5Y36FSnE
Pre-Listening	<i>Revising words:</i> <i>Brainstorming</i> Weather	<i>Students say all words they know.</i> <i>Possible answers</i> Sunny ['sʌni] – Cold [kəʊld] Foggy ['fɒgi] Windy ['windi] Icy ['aɪsi] Snowy ['snəʊi] Hot [hɒt] Rainy ['reɪni] Cloudy ['klaʊdi] Stormy ['stɔ:mɪ]	Verbal assessment	Appendix 2

USTAZ ENBEGI

<p>Pre-teaching vocabulary 5 minutes</p>	<p>A tiny bit of- very small can't deal- does not feel like a heatwave- hot weather Global warming- climate change</p>			
<p>Listening for specific information 10 minutes</p>	<p><i>Teacher explains the task, read some time to listen the text again and mark the statements True or False</i></p> <p>Task 1.</p> <p>1. The weather is always a big topic in England. (True/False) 2. People in England can easily deal with extreme weather. (True/False) 3. In Dubai, the weather varies significantly throughout the year. (True/False) 4. The author never looked at the weather forecast in Dubai. (True/False) 5. Global warming is making it rain more in the desert and dry in the rainforests. (True/False) 6. Thirty-degree temperatures in England are considered normal. (True/False)</p>	<p><i>Students mark the statements individually</i></p>	<p><i>Assessment criteria</i></p> <p>Total marks</p>	<p>Appendix 4</p> <p>PPT</p>
<p>Listening for detail 5 minutes</p>	<p>Task 2. <i>Teacher explains the task</i></p> <p>1. Why is the weather a big topic in England according to the author? 2. How do people in England typically react to a tiny bit of snow? 3. What happens in England after two days of thirty-degree temperatures? 4. How does the author describe</p>	<p><i>Students listen the text and answer the question</i></p>	<p><i>Assessment criteria</i></p> <p>Total marks</p>	<p>Appendix 5</p>
<p>Speaking Discussion 6 minutes</p>	<p><i>Teacher shows statements. Students in pairs need to discuss about following statement</i></p>	<p><i>Students ask questions in pairs</i></p>	<p><i>Assessment criteria</i></p>	<p>Appendix 6</p>
<p>Ending 5 minutes</p>	<p>Feedback At the end of the lesson teacher gives language feedback for students work.</p>		<p>Self-assessment</p>	<p>Appendix 7</p>  

Решение задач по математической грамотности

Мы, учителя, часто слышим от учеников: «А зачем мне эта математика в жизни?» И знаете, что? Это справедливый вопрос. Особенно от старшеклассников, которые уже задумываются о будущей профессии, доходах, управлении временем и даже инвестициях. В таких условиях просто решать абстрактные уравнения и графики — недостаточно.

Сегодняшний выпускник должен быть не просто «знающим», а умеющим применять знания. Именно поэтому я внедрила в своей практике элективный курс для 10 класса — «Решение прикладных задач по математической грамотности». Он оказался не просто полезным — он по-настоящему оживил уроки.

Современное казахстанское образование ориентировано на формирование личности, способной не только усваивать учебный материал, но и применять знания в повседневной жизни. В условиях обновлённого содержания образования особую значимость приобретает математическая грамотность, под которой понимается способность использовать математические знания и умения для решения реальных задач, анализа информации, построения моделей и обоснования принимаемых решений.

Элективный курс «Решение задач по математической грамотности» учит решать реальные задачи: из сферы финансов, транспорта, экологии, технологий, физики; развивает критическое мышление, анализ, аргументацию. готовит к PISA, ЕНТ и жизни в целом. Курс рассчитан на 34 часа в год, проводится раз в неделю, и каждый урок строится по принципу: жизненная ситуация → обсуждение → математическая модель → решение → вывод. Как это работает на практике?

Ситуация 1. Сложные проценты

Условие: Азамат открыл вклад в банке на 200 000 тенге под 10% годовых с ежемесячной капитализацией. Какая сумма будет через год?

Что происходит на уроке:

Ученики делятся мнением:

— «Так это же как в Халык Банке!»

— «А если проценты не снимать, будет больше?»

Мы обсуждаем, чем «сложные» проценты отличаются от «простых». Сами выводим формулу. Сами подставляем значения.

USTAZ ENBEGI

В конце один из ребят говорит:

«Если бы мне это объяснили раньше, я бы не тратил деньги, а копил!»

Навык: понимание процентов, финансовая грамотность, анализ данных.

Ситуация 2. Велосипедисты на круге

Условие:

Два велосипедиста едут по кругу длиной 400 м. Один — со скоростью 6 м/с, второй — 4 м/с. Через сколько секунд они снова встретятся?

Что происходит:

-«Надо нарисовать!» — кричит один.

- «А если бы они ехали навстречу?» — спрашивает другой.

Через визуализацию и обсуждение дети приходят к решению:

$$400/(6-4)=200 \text{ секунд} \quad 400 / (6 - 4) = 200 \text{ секунд} \quad 400/(6-4)=200 \text{ секунд}$$

Итог:

Они не просто решают — они понимают, сравнивают, моделируют. Математика превращается в инструмент мышления, а не в формулу «на зубок».

Ситуация 3. Солнечные панели и экология

Условие:

Солнечная панель площадью 2 м², мощность солнечного потока — 1000 Вт/м², КПД — 20%. Сколько энергии даёт за 1 час?

Что делают ребята:

Считают:

$$2 \times 1000 \times 0.2 = 400 \text{ Вт} = 0.4 \text{ кВт} \cdot \text{ч} \quad 2 \times 1000 \times 0.2 = 400 \text{ Вт} = 0.4 \text{ кВт} \cdot \text{ч}$$

Потом задаются вопросом:

- «А сколько нужно панелей для освещения дома?»

Начинается настоящее мини-исследование: подбираем количество, считаем цену, сравниваем с расходами на электричество.

В эпоху стремительных изменений и цифровой трансформации образование должно не только давать знания, но и учить применять их в реальной жизни. Элективный курс по математической грамотности — это шаг навстречу такому образованию. Он не просто расширяет учебную программу, а делает математику **живой, понятной и нужной**.

Учащиеся начинают видеть в математике не абстрактные формулы, а **инструмент мышления, анализа и решения реальных проблем**. Именно такие навыки сегодня востребованы в жизни, профессии, и — что немаловажно — на международных образовательных платформах, таких как PISA.

Таким образом, развитие математической грамотности — это не мода и не «дополнение» к учебнику. Это — **необходимость**, если мы хотим воспитать поколение, способное **думать, выбирать и принимать обоснованные решения**. А значит — быть по-настоящему функционально грамотными гражданами современного Казахстана.

1. Министерство просвещения РК. *Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020–2025 годы*. – Астана, 2020.
2. OECD. *Programme for International Student Assessment (PISA 2022)*. – <https://www.oecd.org/pisa/>
3. Центр оценки качества образования РК. *Методические рекомендации по развитию функциональной грамотности учащихся*. – Астана, 2022.
4. Касымова А.К. *Практические задания по математической грамотности. Методическое пособие для учителя*. – Алматы: Раритет, 2023.
5. Шыныбеков А.Н. *Математика. Учебник для 10–11 классов общеобразовательной школы*. – Алматы: Мектеп, 2022.
6. Назарбаев Интеллектуальные школы. *Программа элективного курса по математической грамотности (10 класс)*. – Астана: НИШ, 2021.



Жамбыл облысы, Тараз қаласы
Керімбай атындағы №12 мектеп- гимназия» КММ
Тарих пәнінің мұғалімі, педагог-шебер
Тұрсынбай Динара Бақтиярқызы

Қазақстандағы қуғын-сүргін және жер аудару

Андатпа

«Қазақстандағы қуғын-сүргін және жер аудару» авторлық жұмысы – тарих пәнін оқытуда тиімді әдістер мен тапсырмаларды пайдалану арқылы оқушылардың тарихи және азаматтық дүниетанымын дамытуға арналған қосымша көмекші құрал болып табылады. Сонымен қатар педагогикалық тұрғыдан оқушылардың **функционалдық сауаттылығын, аналитикалық ойлау қабілетін, зерттеушілік мәдениетін** қалыптастыруға бағытталған.

Бұл жұмыс тек тарихи деректерді үйретіп қана қоймай, оқушылардың ойлау, талдау және қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Сабақ барысында практикалық тапсырмалар мен зерттеу сипатындағы жаттығуларды орындау арқылы оқушылар өз бетімен жұмыс істеуге, дербес ой түюге және тарихи құбылыстарды бағалауға үйренеді.

Тапсырмалар түрлі күрделілік деңгейлеріне бөлініп, оқушылардың жеке мүмкіндіктері мен танымдық қабілеттеріне сай құрастырылған. Мұндай тәсіл оқушылардың тарих пәніне деген қызығушылығын арттырып, оқу процесін белсенді әрі нәтижелі етеді.

Түйін сөздер: құжат, архив, зерттеу, пікірталас, дебат, жобалық жұмыс, эссе, рефлексия, визуалды материалдар тарихи сана, ұлттық сана, азаматтық ұстаным, функционалдық сауаттылық, сыни ойлау, аналитикалық ойлау, интербелсенді әдіс, пәнаралық байланыс, тарихи әділеттілік, Алаш арыстары, АЛЖИР, тоталитарлық жүйе, геноцид, тарихи дерекпен жұмыс, тарихи таным, рухани жаңғыру, тарихи жад, ұлттық құндылықтар.

Қазақстан әлемдік білім кеңістігіне кіруге бағыт алғаны баршаға мәлім. Қазіргі қоғамның қарқынды дамуы жағдайында оқушының алған білімін өмірлік тәжірибеде қолдана білуі, тарихи шындықты бағамдап, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешім қабылдай алуы — заманауи білім берудің басты міндеттерінің бірі болып отыр. Сол себепті тарих пәнін оқытуда оқушылардың тарихи санасын қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды құрметтеу және азаматтық позициясын нығайту бағытындағы жұмыстар ерекше маңызға ие.

Бұл мақсаттың жүзеге асырылуының бірден-бір айғағы – тарих пәні бойынша 8–9 сынып оқушыларымен «Қазақстандағы қуғын-сүргін және жер аудару» авторлық жұмысы тиімді әдіс-тәсілдер арқылы оқыту тәжірибесінің нәтижелілігі болып табылады. Сабақ барысында тапсырмаларды, архив құжаттары мен тарихи деректерді пайдалану арқылы оқушылардың зерттеушілік қабілеттері мен тарихи ойлау дағдылары дамитыны тәжірибе жүзінде дәлелденді.

Ендеше, сабақ барысында 8 (9) сынып оқушыларын «Қазақстандағы қуғын-сүргін және жер аудару» тақырыбы аясында дерекпен жұмыс жасауға, тарихи құбылыстарды талдауға, өз көзқарасын дәлелдеп айтуға бағытталған тапсырмаларды ұйымдастыруды, тәжірибеммен бөлісуді жөн көрдім.

«Қуғын-сүргін және жер аудару» атты авторлық жұмыс мектеп оқушыларына арналған көмекші құрал ретінде құрастырылған. Бұл жұмыста тарихи деректермен жұмыс істеу, салыстырмалы талдау жасау, эссе жазу және пікірталас өткізу сияқты әдістер қамтылған. Мұндай тапсырмалар оқушылардың тарихи білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың сыни тұрғыдан ойлау, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін жетілдіруге бағытталған.

Оқушылардың жас ерекшелігі мен дайындық деңгейіне сай тапсырмаларды әртүрлі күрделілік деңгейінде ұйымдастыру олардың функционалдық сауаттылығын, азаматтық жауапкершілігін және тарихи танымдық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

«Қазақстандағы қуғын-сүргін және жер аудару» атты жұмыста тапсырмалар түрлі күрделілік деңгейлеріне бөлініп, оқушылардың жеке мүмкіндіктері мен танымдық қабілеттеріне қарай білім алуға мүмкіндік береді. Тарих пәнін игеру барлық оқушыларға бірдей оңайға соқпайтыны белгілі. Кейбір оқушылар тарихи даталар мен деректерді есте сақтауда, ал басқалары тарихи оқиғаларды талдап, себеп-салдарлық байланысын түсіндіруде қиындықтарға тап болады.

Әр оқушы тапсырмаларды орындау барысында өз бетімен ізденіп, кейде қателесіп, кейде дұрыс шешімге келіп, тәжірибе арқылы үйренеді. Мұндай әрекет – оқушының жеке тәжірибесінен туған білім, яғни ол өз еңбегімен жеткен нәтиже болғандықтан, есте жақсы сақталады. Демек, оқушының үйренуі – белсенді әрекет арқылы жүзеге асады.

Бүгінгі күні бұрынғыдай мұғалімнің тек ауызша түсіндіруіне негізделген сабақ тиімділігін жоғалтқан. «Мен айтып берсем, оқушы түсінеді» деген көзқарас заман талабына сай келмейді. Қазіргі білім алушы тыңдаушы емес, ізденуші, зерттеуші тұлға. Тарих сабағында ақпаратты жаттап алу жеткіліксіз оқушы сол ақпаратты талдап, бағалап, өз ойын білдіре білуі қажет.

Адам өз қолымен жасаған әрекетті жақсы есте сақтайды. Сол себепті тарих пәнін оқытуда оқушылардың өздері дерекпен жұмыс істеп, тарихи құжаттарды талдауы, пікір алмасуы, эссе жазуы немесе шағын зерттеу жүргізуі маңызды. Конфуцийдің «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, өзіме жасатсаң – үйренемін» деген қағидасы бүгінгі оқыту үрдісінің өзегіне айналған.

Сондықтан әр сабақта оқушылар тек тыңдап немесе жазып қана қоймай, белсенді әрекет атқаруы тиіс: ойлау, талдау, пікір айту, жазу, дәлелдеу, салыстыру және қорытынды жасау. Бұл олардың тарихи ойлау, азаматтық ұстаным және сыни көзқарас қалыптастыруына ықпал етеді.

«Қуғын-сүргін және жер аудару» тақырыбын меңгертуде интерактивті әдістерді, топтық талқылау, пікірталас және жобалық жұмыстарды қолдану оқушылардың бірлесіп ойлануына, тарихи деректерді салыстырып, қорытынды шығара білуіне мүмкіндік береді. Жаңа технологиялар — тарихи карталар мен визуалды материалдар, архивтік бейнематериалдар мен онлайн дереккөздер сабақтың тиімділігін арттырып, оқушы мен мұғалім арасындағы өзара әрекетті күшейтеді. Сонымен қатар теориялық білімді өмірлік тәжірибемен ұштастыру мақсатында оқушыларға жергілікті тарих материалдары, қуғын-сүргін құрбандарының өмірбаяндары мен музей экспозициялары ұсынылады. Мұндай жұмыстар тарихи жадыны сақтау мен ұлт рухын жаңғыртуға бағытталады.

Тарихты тек деректер тізбегі ретінде емес, адам тағдыры мен құндылықтар арқылы түсіндіру — оқушының эмоционалды және рухани дамуына жол ашады. Ал зерттеу мен шығармашылық тапсырмалар орындау олардың ойлау қабілетін дамытып, өткеннен сабақ алып, болашаққа бағыт жасай білуіне мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру үрдісінде оқушының белсенді қатысуына негізделген әдістер басымдыққа ие. Осы тұрғыда қуғын-сүргін және жер аудару тақырыбын меңгертудің бірнеше тиімді тәсілдерін атап өтуге болады.

1. Проблемалық сұрақ қою әдісі.

Сабақтың басында мұғалім оқушыларға ойландыратын сұрақтар қояды: – «Неліктен ХХ ғасырдың 30-жылдары қазақ зиялылары қуғынға ұшырады?» – «Жер аударылған халықтар неліктен қазақ жерін “екінші отаным” деді?» Бұл сұрақтар оқушыларды зерттеуге, талдауға және өз пікірін дәлелдеуге бағыттайды.

2. Дерекпен жұмыс әдісі.

Оқушыларға архив құжаттары, естеліктер, фотосуреттер ұсынылады. Мысалы, НКВД ісінің үзінділері немесе жер аударылған халық өкілдерінің естеліктері арқылы олар тарихи шындықты нақты түсінеді.

3. Пікірсайыс (дебат) әдісі

Бұл әдіс оқушылардың тарихи оқиғаларға өз көзқарасын қалыптастыруға және дәлелді пікір айтуға үйретеді. Оқушылар екі топқа бөлініп, «1930–1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін – кеңестік геноцидтің бір түрі ме?», немесе «Жер аудару саясаты Қазақстан халқының ұлттық құрамына түбегейлі әсер етті ма»? сияқты тақырыптарда өз ойларын қорғайды.

Пікірсайыс барысында оқушылар тарихи деректерге сүйеніп, аргументтер келтіреді, қарсы пікірге дәлелмен жауап береді.

4. Жобалық жұмыс әдісі.

Әр топ белгілі бір бағытта зерттеу жобасын орындайды. Мысалы:

- «Алаш қайраткерлері және қуғын-сүргін»
- «Қазақстанға жер аударылған халықтардың тағдыры»
- «АЛЖИР лагері – әйелдер азабының символы»

5. Рефлексия және эссе жазу.

Сабақ соңында оқушылар өз сезімдерін эссе түрінде білдіреді:

«Мен сол дәуірде өмір сүрсем не істер едім?»,

«Әділет пен адамгершілік не үшін маңызды?» деген сұрақтарға ой жазады. Бұл оқушылардың адамгершілік және азаматтық көзқарасын қалыптастырады.

Қазастандағы қуғын-сүргін және жер аудару тақырыбын тек тарих пәнімен шектеуге болмайды. Бұл тақырып кең ауқымды тақырып болғандықтан әдебиет, география, құқық, азаматтық қоғам негіздері сияқты пәндермен тығыз байланыста оқытылғанда ғана толық нәтиже береді.

Мысалы: Әдебиет пәнінде қуғын-сүргінге ұшыраған ақын-жазушылардың шығармалары (Мағжан, Сәкен, Ілияс, Бейімбет) талданады.

Құқық пәнінде қуғын-сүргінге және жер аударуға ұшыраған азаматтардың құқығы мен еркіндігі мәселелері қарастырылады.

Географияда жер аударылған халықтардың орналасқан аймақтары картада анықталып, зерттеледі.

Мұндай пәнаралық байланыс оқушылардың тарихи білімін жүйелейді, логикалық ойлау қабілетін дамытады және жалпы мәдени көкжиегін кеңейтеді.

Мектеп өмірінде бұл тақырып аясында түрлі тәрбиелік және ғылыми жобалар сияқты іс-шаралар ұйымдастыру өте тиімді.

Мысалы: «Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» атты әдеби-музыкалық кеш;

«Тағдырлар тоғысы» атты көрме, «Алаш арыстары – ел ертеңі» атты дебат сабағы, «АЛЖИР» музейіне экскурсия ұйымдастыру, эссе, сурет, бейнеролик байқаулары. Осындай іс-шаралар оқушылардың отансүйгіштік сезімін арттырып қана қоймай, тарихи әділетті түсінуге, адам құқығы мен бейбіт өмірдің қадірін ұғынуға тәрбиелейді.

«Қазақстандағы қуғын-сүргін және жер аудару» авторлық жұмысы – тарих пәнін оқытуда оқушылардың ұлттық сана-сезімін, тарихи ойлау қабілетін және азаматтық ұстанымын қалыптастыруға арналған маңызды көмекші құрал болып табылады. Бұл жұмыс оқушылардың тек деректерді есте сақтаумен шектелмей, тарихи оқиғаларды талдап, салыстырып, өз көзқарасын қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Авторлық жұмыстың мазмұны қазіргі білім беру талаптарына сай құрастырылған. Онда дерекпен жұмыс, пікірсайыс, зерттеу және шығармашылық тапсырмалар жүйесі арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға, ел тарихына деген қызығушылығын арттыруға басымдық берілген.

Бағдарлама тарихи материалдарды меңгерудің тиімді жолдарын көрсетіп, мұғалімдерге оқу процесін жандандыруға мүмкіндік береді. Қуғын-сүргін мен жер аударуға қатысты нақты мысалдар мен куәгерлер естеліктерін пайдалану сабақтың тәрбиелік маңызын арттырады.

Тарихты оқыту – тек өткенді таныту емес, ұлттың рухын жаңғырту. Қазақстандағы қуғын-сүргін және жер аудару тақырыбын оқыту барысында оқушыларға тарихи әділетсіздіктің мәнін ұғындыру, азаттық пен тәуелсіздіктің қадірін түсіндіру – әр ұстаздың қасиетті борышы. Сабақта қолданылған дерекпен жұмыс, пікірсайыс, жобалық және зерттеу әдістері оқушылардың ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, олардың ел тарихына деген жауапкершілігін арттырады.

«Ұстаз — халықтың рухани тірегі, жас ұрпаққа жол көрсетуші тұлға». Осындай ұстаздар ғана оқушылардың бойында өткен тарихтың тағылымын, ұлттың қасіреті мен қайсарлығын терең ұғындыра алады..

Мұғалімдердің тарихи тақырыптарды оқытудағы үйренген тәжірибелерін жаңаша тәсілмен оқу үдерісіне енгізуі – білім сапасын арттырудың негізгі тетігі. Сабақ барысында оқушылардың белсенді әрекетіне жағдай жасау, сыни тұрғыдан ойлау мен өзіндік пікір айтуға мүмкіндік беру – бүгінгі күннің басты талабы. Ендеше, бірлескен жұмыс пен тәжірибе алмасу арқылы тарих пәнінің мазмұнын терең меңгертуде айтарлықтай нәтижеге жетуге болады.

Құрметті әріптестер, ұлттың өткені – ұрпаққа аманат. Сол аманатты лайықты жеткізу – әр ұстаздың қасиетті борышы деп білемін. Бірлесіп атқарған еңбектің нәтижесі – еліміздің жарқын болашағының кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қозыбаев М.Қ. *Ақтаңдақтар ақиқаты*. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 312 б.
2. Есмағамбетова Б. *Қазақстандағы депортациялық саясат және оның салдары (1930–1950 жж.)*. – Алматы: Ғылым, 2019. – 248 б.
3. Нұрпейіс К. *Алаш һәм Алашорда*. – Алматы: Ататек, 2010. – 304 б.
4. ҚР Президенті Архиві. *Қуғын-сүргін құрбандары істері жөніндегі құжаттар жинағы*. – Астана: Архив баспасы, 2021. – 186 б.
5. Абылхожин Ж.Б. *Қазақстан тарихының ақтаңдақ беттері*. – Алматы: Санат, 1997. – 226 б.
6. Тоқтаров А. *Қазақстандағы тоталитарлық жүйе және репрессия тарихы*. – Астана: Елтаным, 2022. – 278 б.
7. ҚР БҒМ. *Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия материалдары*. – Астана, 2023. – 152 б.
8. «АЛЖИР» музейінің экспозициялық каталогы. – Астана, 2020. – 95 б.
9. Әбдіғалиев Қ. *Қуғын-сүргін жылдары және қазақ қоғамы*. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2018. – 210 б.